



18 тамыз, бейсенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz



www.facebook.com/syrboyi.kz/



www.instagram.com/syrboyi_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi_kz

2 Жаңа оқу жылына дайындық пысықталды



4 Дәрігер дәреметінің дәрпі



5 Газ құбырлары жаңартылған



6 Қалқан



ПРЕЗИДЕНТ

10 МЫҢНАН АСТАМ ТҰРАҚТЫ ЖҰМЫС ОРНЫ АШЫЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлытау облысының әкімі Берік Әбдіғалиұлын қабылдады.

Облыс әкімі Президенттің Ұлытау облысына жасаған сапарының қорытындылары негізінде әзірленген аймақты әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған кешенді жоспарының жобасын ұсынды.

Ұлытау өңірінің экономикасын әртараптандыруға бағытталған маңызды құжат 240-тан астам іс-шараны қамтиды. Олар әлеуметтік және өндірістік инфрақұрылымды дамытуды және өңірдегі ең өзекті мәселелерді шешуді көздейді.

Мемлекет басшысына таныстырылған кешенді жоспарда инвесторлар тарту, қатты күйінде келетін пайдалы қазбалар өндірісін кеңейту мен жаңа кен орындарын игеру, геологиялық кластер құру мен оны дамыту мәселелері қарастырылған. Бұдан бөлек, жаңадан ет өңдейтін кешен, құс фабрикасы мен жылыжайлар салу жоспарланған.

Келесі жылы жалға және несиеге берілетін 132,8 мың шаршы метр тұрғын үй құрылысы, көпсалалы аурухананы жаңғырту, онкологиялық диспансер мен Жезқазған қаласында заманауи «Ана мен бала» орталығын ашу жұмыстары жүргізіліп, Ұлытау ауданында аурухана салынады. Сонымен қатар әрбір аудан орталығы мен ауылдарда 26 медицина мекемесі ашылады.

Ұлытау облысының әкімі Берік Әбдіғалиұлы мәдени-ағарту нысандарын жөндеу және қайта құру туралы да айтты. «Жайлы мектеп» ұлттық пилоттық жобасы аясында 11 орта мектеп пен 8 балабақша салу көзделген.

Мемлекет басшысына баяндалған өзекті мәселелердің тағы бірі – облысты ауызсумен және сапалы жолдармен қамтамасыз ету. Қалалар мен ауылдарды сумен жабдықтау жұмыстары және су бұру жүйелері қайта жаңғыртылады. Сонымен қатар облыстық маңызы бар 289,5 шақырым жолды, аудандық маңызы бар 112,5 шақырым жолды жөндеу мен қалпына келтіру жоспарланған. Облыс әкімінің айтуынша, аталған іс-шараларды жүзеге асыру барысында 10 мыңнан астам жаңа тұрақты жұмыс орны ашылады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлытау облысын дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған кешенді жоспарын мақұлдап, тиісті мемлекеттік органдармен бірлесіп орындауды тапсырды.

КӨНІЛ АЙТУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Армения Премьер-министріне көңіл айту жеделхатын жолдады.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Армения Премьер-министрі Никол Пашинянға және барша армян халқына Еревандағы «Сурмалу» сауда орталығында болған жарылыстан көптеген адамның қаза болуына байланысты жеделхат жолдады.

Жеделхатта Мемлекет басшысы қаза тапқан және зардап шеккен азаматтардың туған-туыстары мен жақындарына көңіл айтты.

ҮКІМЕТ

ЖЕТІ АЙ ЖӘНЕ АЛДАҒЫ МІНДЕТ

Осы сейсенбіде ҚР Премьер-министрі Әліхан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында елдің 7 айдағы әлеуметтік-экономикалық дамуы мен республикалық бюджеттің атқарылу барысы қаралды.

ЖІӨ ӨСІМІ – 3,3 ПАЙЫЗ

Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыровтың мәлімдеуінше, биыл қантар-шілде айлары аралығында ЖІӨ өсімі 3,3%-ды құраған. Негізгі салалар бойынша өсім бар. Ал, Ұлттық банк төрағасының орынбасары Ақылжан Баймағамбетовтың айтуынша, шілдеде жылдық инфляция 15% көрсетті.

Азық-түлік тауарларының бағасы – 19,7%, азық-түлік емес тауарлар – 14,2%, ақылы қызметтер 9,2%-ға өскен. Шілдедегі айлық инфляция – 1,1%.

САПАР

АУЫЛ АЖАРЫ – АЗАМАТ АБЫРОЙЫ



Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сырдария және Жалағаш ауданына жұмыс сапарымен барды. Алдымен Сырдария ауданына қарасты Н.Ілиясов ауылында әлеуметтік нысандардың құрылысымен танысты. Сондай-ақ Жалағаштағы «Таң» елді мекеніне аялдап, жақын күндері орақ түсетін егін алқабында болды.

Сб Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

Жалпы Сыр өңірінде туған жеріне дем беріп, өз ауылын өркендетіп жүргендер жеткілікті. Жоғарыда айтып кеткен екі ауылдың да ажарын келістірген сол елдің азаматтары. Бүгінде сол ауылдарда қызу тіршілік бар. Мемлекеттік бағдарламалар аясында абаттану жұмыстары қарқын алып, бұған қоса жанашыр жандардың қолдауымен игілікті істер жалғасуда.

Алдымен облыс басшысы Нағи Ілиясов атындағы ауылды аралап,

Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ералиевпен бірге ауыл ішіндегі «Еңбекшілер аллеясының» құрылысымен танысты. Кеңестік кезеңде де алдыңғы шаруашылық қатарында болған ауыл 1966 жылы №1 күріш совхозы болып құрылған. 1992 жылдан бері Кеңес Одағының батыры, кезінде шаруашылық басшысы болған Нағи Ілиясов есімін иеленген.

2250 тұрғыны бар ауылда былтыр «Нұрлы жол» және «Ауыл

– ел бесігі» бағдарламалары аясында ауылдық округке кіреберіс жолға күрделі жөндеу жұмысы жүріп, көпбалалы отбасыларға 3 тұрғын үй салынды. Ал биыл 11 көшеге қайта жаңғырту жұмыстары басталған.

– Ауыл бойынша абаттандыру жұмысы жүруде. Биыл 525 млн теңгеден астам қаржы қаралып, көше жолдарымен қоса, жаяу жүргіншілер жолы істеліп жатыр. Сондай-ақ аяқсу жүретін арықтар да қалпына келтіріледі. Бұдан бөлек, «Абзал және К» толық серіктестігі ауыл орталығындағы 4 гектар жерге аллея құрылысын бастады. Жұмысы аяқталуға жақын. Ауыл тұрғындарының кәсібі – егін мен мал шаруашылығы. Елдегі ең ірі шаруашылық – «Мағжан және К» ЖШС 5 мың гектарға жуық күріш егеді. Серіктестік 470 адамды жұмыспен қамтып отыр, – дейді ауылдық округ әкімі Сағдат Нұрмағанбетов.

Бұдан бөлек, 2015 жылдан бері «Абзал және К» ТС ауылдың гүлденуіне қомақты үлес қосып келеді. Серіктестік жеке қаражаты есебінен абаттандыру және тұрғындарды әлеуметтік қамсыздандыру бағыттарында 797 млн теңгеден астам қаржы бөліпті.

2-бет



Суреттерді түсірген Б.ЕСЖАНОВ

НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

МЕКТЕП ПЕН ЗАУЫТ ЖҰМЫС САПАСЫ ЖІТІ БАҚЫЛАУДА



Сейсенбіде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласындағы бірқатар нысандарды аралады.

Сб Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»

Биыл өңірде қазынадан қаралған 2,1 млрд теңгеге 6 мектепте күрделі жөндеу жүргізілуде. Солардың бірі – облыс орталығындағы Ы.Алтынсарин атындағы №10 мектеп-лицейі. Білім ордасы 1985 жылы пайдалануға берілген. Сол уақыттан бері алғаш рет күрделі жөндеу жасалып отыр. Мұнда 1734 бала оқиды. Жаңа оқу жылында бірінші сынып табалдырығын 175 бала аттайды.


Жергілікті «SCS Инжиниринг» ЖШС мамандары білім ордасының шатырын толықтай ауыстырып, ғимараттың

сыртқы бөлігін қаптау, пластикалық тереземен ауыстыру, есіктер мен линолеумді жаңартуды қолға алған. Сондай-ақ, мектептің спорттық алаңы да қайта жасануда. Күрделі жөндеу жұмыстары жаңа оқу жылына дейін толықтай аяқталады деп күтілуде.

Облыс әкімі білім ордасының оқу процесіне әзірлігін бақылады. Жыл сайын апатты мектептерді жойып, жаңа мектептер желісін көбейтуге басымдық берілетінін айтты.

2-бет

БҮГІН —
ШЕКАРАШЫЛАР
КҮНІ





ЖЕТІ АЙ ЖӘНЕ АЛДАҒЫ МІНДЕТ

Премьер-министрдің орынбасары – қаржы министрі Ерулан Жамаубаевтың мәліметінше, есепті кезеңде мемлекеттік бюджетке 8 трлн 463 млрд теңге сомасында кірістер (трансферттерді есепке алмағанда) түсіп отыр. Мемлекеттік бюджеттің шығыстары 98,7%-ға, республикалық бюджеттің шығыстары – 99,6%-ға, жергілікті бюджеттердің шығыстары 98%-ға атқарылды.

Премьер-министр Әлихан Смайылов экономиканың өсуіне негізінен нақты сектор үлес қосып отырғанын атап өтті.

«Осу динамикасын сақтап тұру үшін экономиканы одан әрі әртараптандыру, инвестициялық жобаларды іске асыру және жұмыс орындарын құруды күшейтіп, жалғастыру қажет» деді Үкімет басшысы.

Айта кетерлігі, есепті кезеңде Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облыстары мен Шымкент қаласында барлық көрсеткіштер бойынша он динамика қалыптасып отыр. Бұл ретте жауапты мемлекеттік органдар мен өңір әкімдіктері көрсеткіштердің өсуін қамтамасыз ету бойынша жұмысты күшейтуі керек.

Инфляцияны тежеу мәселесіне ерекше тоқталған Үкімет басшысы қанттың қымбаттауы мен тапшылықтың қатысуы болуы мүмкін компания қызметін тексеруге тапсырма бергенін еске салып өтті.

«Бұл проблеманың көтерілгеніне біраз болды. Сондықтан мұндай жағдайды жауапты органдар ертерек анықтап, алдын алуы керек» деді Премьер-министр.

Сондай-ақ, Әлихан Смайылов тағы да назар аударатын жағдай –

1-бет

өңірлердегі делдалдық схемаларды тексеру жөніндегі комиссиялардың жұмысын ширатып, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына баға үстемесінің мөлшерін және ауыл шаруашылығы өнімдерін форвардтық сатып алу үшін келісім-шарттардың уақытылы жасалуын бақылауды күшейту керектігін ескертті.

ДИЗЕЛЬ ОТЫНЫ: БҰЙРЫҚ ЖОБАСЫ НЕ ДЕЙДІ?

Үкімет отырысында және бір өткір қозғалған мәселе – дизель отынына қатысты.

«Бұл азаматтарымыздың наразылығын тудыруда. Егін науқаны басталар алдында мұндай проблема қалай орын алып отыр?» деді Әлихан Смайылов энергетика министріне.

Ал, Болат Ақшопаловтың айтуынша, дизель отынына жоғары сұранысты жабу үшін барлық ресурстар бірінші кезекте ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер мен ЖКС-ға бөлінеді. Өнеркәсіп кәсіпорындары мен КТЖ үшін екінші кезекте қарастырылады.

Аталған министрлік шекара периметрі бойынша транзиттік көлік үшін дизель отынына сараланған баға белгілеуді көздейтін бұйрық жобасын әзірлеген. Демек, баға тұрғылықты жеріне, тұтыну көлеміне және көлік түріне қарай сараланатын болады.

Мәселен, қазақстандықтар үшін жүргізуші куәлігі болған жағдайда, қазіргі баға – 230-260 теңге бойынша лимит тәулігіне 100 литр дизель отынын құрайды. Қазақстанда тіркелген жүк көлігі үшін тәулігіне – 300 литр. Қалған адамдар тобына, сондай-ақ көрсетілген көлемнен артық дизель отыны үшін 1 литр 450 теңгеден сатылмай.

Осы ретте Үкімет басшысы Энергетика министрлігіне отандық нарықта жанар-жағармай тапшылығын болдырмау үшін барлық шараларды уақытылы қабылдауды тапсырды.

«Жанармай құю станцияларының иелерімен тиісті жұмыстар жүргізу керек. Азаматтарымыз бен ауыл шаруашылығы саласы зардап шекпеуі тиіс. Болат Оралұлы, жағдайды күнделікті жеке бақылауыңызда ұстаныз» деп тапсырды Премьер-министр.

ОҚУ МЕРЗІМІ – 36 АПТА

Енді санаулы күнде жаңа оқу жылы басталады. Балалардың қауіпсіздігі үшін барлық жағдай жасалуы тиіс.

Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетовтың мәлімдеуінше, жаңа оқу жылы 1 қыркүйекте басталып, 36 аптаға созылып 31 мамырда аяқталмақ. Мектептерге қатысты бірқатар жаңашылдықтар да бар.

Ел арасында өткір пікір талқысына түскен үштілділік мәселесі де осы жолы бір ізге ойысқан секілді. Өйткені кейінгі арнайы зерттеулері-сынып оқушысына үш тілді бірден меңгеру қиын екенін көрсеткен. Ендігі жерде қазақ тілді мектептерде 1-сынып оқушысын тек қазақ тілінде оқыту, ал орыс тілді мектептерде қазақ тілі мен орыс тілін оқыту туралы шешім қабылданған. Ал екінші сыныптан бастап қазақ тілді мектептерде орыс тілі енгізіледі, ағылшын тілі барлық мектептерде үшінші сыныптан басталады.

Сонымен қатар, білім беру ұйымдарының басшыларын ротациялау институты енгізіліп отыр. Педагогтерді жұмысқа қабылдаудың жаңа қағидалары да іске асырылу үстінде. Бұған қоса ата-аналар жиналыстары

да жаңа, мейлінше тиімді форматта өткізіледі.

СТИПЕНДИЯ 20 ПАЙЫЗҒА ӨСТІ

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің мәліметінше, елімізде 120 ЖОО жұмыс істейді, олардың 104-де жөндеу жұмыстары жүргізілген.

2022-2023 оқу жылында мемлекеттік тапсырыс көлемі 88 214 орынды құрады, оның ішінде 42 303 грант техникалық мамандықтарға бөлінген. Бұл ретте жаңа оқу жылынан бастап бакалавриат деңгейінде стипендия 20%-ға (31 423 теңгеден 36 660 теңгеге дейін, педагогикалық бағыттағы студенттер үшін 58 800 теңгеге дейін) ұлғайтылды, магистратура және докторантура 15%-ға (76 950 теңгеден 86 987 теңгеге дейін және тиісінше 172 500 теңгеден 195 000 теңгеге дейін) өсті. Бұл норма шамамен 161 мың білім алушыға қатысты болады.

АЗ ДА БОЛСА ҚОЛДАУ

Жаңа өңірлердің оқу жылына дайындығы туралы Абай облысының әкімі Нұрлан Ұранбаев, Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев және Ұлытау облысының әкімі Берік Әбдіғалиев баяндады.

Премьер-министр 1 қыркүйекке дейін елімізде 81 жаңа мектеп ашу және тағы 213-ін толық жөндеуден өткізу жоспарланғанын атап өтті.

Үкімет басшысы білім беру объектілерінің бәрі бірдей қауіпсіздік талаптарына сай емес екеніне назар аударды. Бұл мәселені ерекше бақылауға алып, балалардың қауіпсіздігі үшін тез арада тиісті шаралар қабылдау қажет.

Премьер-министр биыл оқушыларды тасымалдауға 515 жаңа автобус сатып алынғанын, сондай-ақ мектепке қажетті киім-кешек пен канцеляриялық тауарларды өздері сатып алу үшін аз қамтылған отбасылар кемінде 37 мың теңге көлемінде ақшалай қаражат алатынын атап өтті. Мұндай көмек 470 мың балаға көрсетілетін болады.

Сонымен қатар жастарды кәсіптік-техникалық біліммен қамту үшін биыл мемлекеттік тапсырыс 128 мың орынға ұлғайтылған. Университеттерде білім алуға берілетін грант саны 88 мыңға дейін көбейіп, инженер-техник кадрларды даярлау мақсатында шетелдік жетекші жоғары оқу орындарының еліміздегі 3 жаңа филиалына қабылдау басталды.

«Жалпы, жаңа оқу жылына дайындықты қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар қабылданды» деді Әлихан Смайылов.

Жалпы Үкімет отырысында келтірілген деректерге қарағанда, есепті кезеңде 7 экономикалық көрсеткіш бойынша өңірлер арасында жалпы жағдай мынадай сипатқа ие. Барлық көрсеткіштер бойынша он өсу 3 өңірде – Шымкент қаласы, Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облыстарында байқалса, 6 көрсеткіш бойынша он өсім 8 өңірде, яғни Алматы және Нұр-Сұлтан қалалары, сондай-ақ Алматы, Қызылорда, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Ақмола және Ақтөбе облыстарына тән. 5 көрсеткіш бойынша он өсім 6 өңірде – Костанай, Атырау, Түркістан, Маңғыстау, Жамбыл және Батыс Қазақстан облыстарында, 4 көрсеткіш бойынша он өсім Ұлытау және Абай облыстарында, 3 көрсеткіш бойынша – Жетісу облысында тіркеліп отыр.

Қ.ӘБІШ

Әлеуметтік нысандар уақытылы пайдалануға берілуі керек

Үкімет басшысы Әлихан Смайловтың төрағалығымен өткен жиынға онлайн режимде бірқатар министрлер мен барлық өңірдің әкімдері қатысты.



Жиында Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров, Ұлттық банк төрағасының орынбасары Ақылжан Баймағамбетов баяндама жасап, негізгі көрсеткіштерге тоқталды. Айталық, Қызылорда өңірі негізгі капиталға салған инвестиция және тұрғын үйді пайдалануға берудің көлемі бойынша алдыңғы қатарда.

Әлихан Смайылов инфляцияны тежеу үшін қажетті құрал-

дар бар, бұл ретте мемлекеттік органдар мен әкімдіктер оларды тиімді пайдалануы тиіс екенін айтты.

Үкімет отырысынан кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев өңірде бірқатар әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер төмендегенін ескертіп, сала басшыларына жиын өткізді.

– Өңдеу саласындағы өндірісті арттыру тетіктерін анық-

тау міндеті тұр. Құрылыс жұмыстары қалада қызу жүргізілуде. Жүргізіліп жатқан құрылыстардың статистикалық органдарға есепке алынуын қамтамасыз ету керек.

Жуырда ғана барлық аудан әкімдерін жеке-жеке қабылдап, бұл мәселерді егжей-тегжейлі қаралды. Тиісті тапсырмалар берілді. Осы тапсырмалардың сапалы орындалуын қамтамасыз ету керек. Барлық аудандар мен Қызылорда қаласының әкімдеріне экономикалық өсімді ай сайын қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдауды тапсырамын.

Биыл пайдалануға берілуі жоспарланған әлеуметтік нысандардың мерзімінде табысталуын, Индустриаландыру бағдарламасы шеңберінде жоспарланған жобалардың іске қосылуын қамтамасыз ету қажет. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдеріне бағаны тұрақтандыру бойынша жұмыстарды күшейту керек, – деді облыс әкімі.

Сонымен қатар облыс бюджетінің игерілуі бойынша да атқарылған жұмыстар сөз болды.

Облыс әкімі бюджет қаражатының уақытылы игеріліп, мақсатты жұмсалуды қамтамасыз ету бойынша бірқатар тапсырма берді.

Жаңа оқу жылына дайындық пысықталды

Премьер-Министр Әлихан Смайловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында оқу жылына дайындық барысы да пысықталды. Үкімет басшысы жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары жоспарға сай жүргізілуі қажет екенін айтты.



Үкімет отырысынан кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев күн тәртібіндегі мәселе бойынша сала басшыларына арнайы тапсырмалар берді.

Аймақтағы 295 мемлекеттік, 16 жекеменшік мектепте 182 мың оқушы білім алады. Осы ретте, екі апатты мектептің (Арал №71, Жанакорған №169) ғимараты жаңа оқу жылына тапсырылады. Биыл

17898 бала 1-сынып бойынша мектеп табалдырығын аттайды деп күтілуде.

Облыс басшысы жаңа оқу жылын бастауда еш кедергі болмау қажет екенін ескертті.

– Қала, аудан әкімдеріне жергілікті жердегі барлық мәселеге жауапты екендіктеріңізді тағы да бір еске саламын. Сабак процесі еш кедергісіз басталуы керек.

Комекке мұқтаж отбасының балаларына қажетті барлық қолдау шараларын жүзеге асырыңыздар! Бұл – тек басқарманың ғана емес, қала, аудан әкімдерінің де тікелей міндеті! – деді облыс әкімі.

Сондай-ақ, білім саласындағы тағы бір көтерілген мәселе – оқулықтардың жеткізілуі. Нұрлыбек Машбекұлы бұл мәселеде мектеп оқушыларына тиісті берілетін кітаптарды үлестіру жұмыстарын ерте ұйымдастыруды тапсырды.

Сонымен қатар, биыл жалпыға міндетті оқу қоры аясында ҚР Үкіметінің қаулысына сәйкес тиісті көмек түрлерін алатын арнайы санаттағы 31 322 бала анықталған. Бұған жергілікті бюджеттен қажетті қаржы бөлінген.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

АУЫЛ АЖАРЫ – АЗАМАТ АБЫРОЙЫ

Айталық, 384 млн теңгеге спорт кешенін салып, 137 млн теңгеге ауылдық ғимарат жанадан бой көтерді. Сондай-ақ, Ұлы Отан соғысында қаза тапқандарға арналған ескерткіш құрылысы жүргізілген.

Аймақ басшысы ауыл халқының тұрмыс сапасын жақсарту басты міндет екенін айтты. Ауылда жүзеге асып жатқан жобаларды уақытылы әрі сапалы аяқтау қажет.

– Әрбір жоба халықтың игілігіне арнап жасалады. Оның шапағатын сол ауылдың тұрғындары сезінгендіктен, әрбір іс сапалы әрі уақытылы аяқталуы керек. Туған жерді, ауылды бірге көркейтуге тиіспіз. Ең бірінші кезектегі әлеуметтік мәселелерді шешсек, ауыл халқының тұрмысын жақсартамыз, – деді облыс әкімі.

Мұнан соң облыс басшысы Жалағаш ауданындағы «Таң» ауылына қарасты «Таң ЛТД» серіктестігінің күрші алқабында мамандармен пікір алмасты.

Кездесу барысында аймақ басшысына «Ауыл – ел бесігі» аясында елді мекенді абаттандыру және «Таң ЛТД» серіктестігінің ауылдық округті дамыту мақсатындағы атқарылған жұмыстар назарға ұсынылды. Ауылда мемлекеттік бағдарлама арқылы 14 көшеге орташа және орта мектепке күрделі жөндеу жұмыстары жүріп, жаңа дәрігерлік амбулатория салынған.

Мұнан бөлек, 2016 жылдан бастап «Таң ЛТД» ЖШС жеке қаражаты есебінен «Таң» елді мекенін абаттандыру және тұрғындарды әлеуметтік қамсыздандыру бағыттарына 701 млн теңге қаржы бөлген.

– Біздің серіктестік күрші өсірумен және өңдеумен айналысып келеді. Биыл «Таң» ауылы бойынша егілген 1200 гектар күріштен 9 мың тонна өнім алынады деген жоспар бар. Ал жыл сайын біздің ақталған

күріш Қазақстаннан бөлек, көрші мемлекеттерге де экспортталады. Шаруашылықтың техникалық паркі 2011 жылдан бастап жаңартылды. Соңғы технологияларды пайдалана отырып, күріш сапасын арттыру жұмыстары да қолға алынған. Ал әлеуметтік жұмыстарға келер болсақ, ауыл ішіне керекті нысандар салуға шаруашылық қолдауы әрдайым жалғасын табады. 100 орындық «Таң бөбегі» балабақшасы мен мешіт қайта жаңғыртылып, жаңа спорт кешенін пайдалануға бердік. Биыл аталған спорт кешенін ұлғайту мақсатында тамыз айында 150 орындық жаңа ғимараттың іргетасын қаладық. Бұл нысан келесі жылы бітеді. Өз өнімimizi шығару мақсатымен ет өңдеу цехын да іске қостық. Бұдан өзге ауылды абаттандыру-көркейту жұмыстарына да жиі қолдау көрсетіп келеміз, – дейді серіктестік өкілі Сәкен Шағыртаев.

«Таң» ауылындағы кездесуде облыс әкімі өнім өндіру мәселесіне тоқталды. Сырттан келетін өнімдерге деген тәуелділікті төмендету үшін ауылдардың шаруашылық әлеуеті жоғары болуы керектігін айтты.

– Өнімнің мол болғаны халық еңбегінің қайтқаны. Президенттің, Үкімет басшысының қолдауы негізінде биыл су көлемі былтырғыдан жоғары болды. Бірлескен келіссөздердің арқасында аймақта айтарлықтай қиыншылық туындамады. Келесі жылы да мол өнім алу үшін жерді алдын ала дайындап, егін алқаптарына қажетті жұмысты осы кезден бастап анықтау қажет. Астық көлемі мол болып, қажеттілікті толық өтей алсақ, азық-түлік қауіпсіздігін тұрақты түрде ұстап тұра аламыз. Егін егуге икемі бар отбасыларға бос жерлерді табыстап, еңбек етулеріне мүмкіндік қарастыруды тапсырдым. Бақша дақылдарын өзіміз өндірсек, сырт өңірдің өнімдеріне деген сұранысты болдырмаймыз, – деді өз сөзінде облыс әкімі.

МЕКТЕП ПЕН ЗАУЫТ ЖҰМЫС САПАСЫ ЖІТІ БАҚЫЛАУДА

– Оқушылардың қуанышына ештеңе жетпейді. Бұл мектептің жөндеуіне қомақты қаржы бөлінген. Сондықтан жұмыс өте сапалы әрі уақытылы орындалуы тиіс. Айта кету керек, оқу жылына білім беру нысандарының дайындығы Мемлекет және Үкімет басшысының тікелей назарында. Демографиялық өсімнің нәтижесінде қалада ықшам аудандар көбейіп, мектептерде орын тапшылығы туындағаны жасырын емес. Бұл ретте апатты жағдайдағы 4 мектептің екеуінің ғимаратын жаңа оқу жылында табыстаймыз. Токабай ауылындағы бір апатты мектеп мәселесін жеке инвестор арқылы шештік. Жерлесіміз, меценат азамат өз қаражаты есебінен 550 млн теңгені құрайтын 100 орындық мектеп құрылысын бастады. Мұнан өзге, Қазалы ауданындағы тағы бір мектептің жоба-сметалық құжаттары әзірленуде, – деді облыс әкімі.

Сондай-ақ, облыста оқушыларға үш ауысымда білім беретін мектептер бар. Аталған мәселені шешуде тиісті жұмыстар жасалады. Жалпы, қазіргі жағдайда жаңа мектеп салу өте қымбатқа түседі. Мәселен, 600 балаға арналған білім ордасын салуға 2-3 млрд теңге жұмсалыды. Тағы бір мәселе, қала орталығынан оған лайықталған жерді табу қиын. Сондықтан орын тапшылығын жою үшін 4 мектептің жанынан қосымша ғимарат салуға шешім қабылданды.

– Қазіргі таңда 600 және 375 орындық 2 мектептің жоба-сметалық құжаттары жасалып, оған мердігер компаниялар бекітілуде. Ал, қалған 2 білім ұясының жоба-сметалық құжаттамасы әзірленуде, – деді облыс әкімі.

Өңір басшысы «Балалар жылына» тарту ретінде демеу-



шілер есебінен өңірде 80 спорттық ойын алаңы салынатынын жеткізді, яғни Қызылорда қаласында 1 млрд теңгеге 50-ге тарта, аудандарда 600 млн теңгеге 30-дан астам спорттық-ойын алаңы бой көтереді. Мұнан бөлек, демеушілердің қолдауымен аймақта 45 млрд теңгеге 391 жоба әзірленді. Алғашқы кезекте ауызсу, электр жарығы, жол сапасы мен елді мекендерді газдандыруға баса мән беріледі. Бұл жобалар келесі жылдан бастап іске асырылады.

Облыс әкімі мұнан кейін алдағы уақытта аймақтағы ірі өндіріс орны болатын шыны зауытына барды. Өткен жылдың желтоқсан айында зауыттың күйдіру пеші техникалық іске қосылған еді. Дегенмен, пешті қосу-реттеу барысында ақаулар анықталған. Қазір қажетті күйдіру қондырғысы жеткізілді.

Облыс басшысының тапсырмасы негізінде зауытты іске қосу үшін биылғы жылдың 25 шілдесінде арнайы штаб құрылған. Мақсат – зауытты іске қосу кезінде туындаған мәселелерді шұғыл түрде шешу.

Әкімдік өз құзыреті шегінде инженерлік инфрақұрылымды жеткізіп беруге жауапты. Осы

ретте зауытқа қажетті электр қуаты, байланыс желісі, автокөлік жолы, су және кәріз жүйелері толықтай шешілді. Оған қоса сыртқы теміржол түйігін құрылысы аяқталды. Ендігі кезекте екінші тарап техникалық және авторлық бақылау өкілдерінің берген ескертуді жою жұмысын жеделдетуі керек. Себебі, газ желілерінен кейін, пешті қайта іске қосып, жағу үшін қабылдау актісін рәсімдеп, бітіруі қажет.

Облыс әкімі сала мамандарымен пікірлесіп, зауытты іске қосу үшін қажетті шараларды жедел қабылдау керек екендігін жеткізді.

– Шынын айтқанда, зауытты іске қосу процесі тым ұзақ кетті. Бар мүмкіндікті пайдаланып, зауытты іске қосудымыз қажет. Бұған дейін уәде көп берілгенмен, нәтиже болмады. Халық асыға күтіп отыр. Сондықтан қалайда өндірісті іске қосуға тиіспіз. Аптасына екі рет штаб өткізіп, өзекті мәселелерді талқылау қажет. Бәрі де менің тікелей бақылауымда болады, – деді Н.Нәлібаев.

Айта кетейік, жоспар бойынша шыны зауытының алғашқы өнімі қазан айында шығарылмақ.



Жаңа оқу жылы жақындап қалды. Биыл білім беру саласында қандай жаңалықтар орын алады? Ұстаздар мен оқушыларды неңдей өзгерістер күтіп тұр? Сонымен...

Сб Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

БІЛІМ: Жүктемені азайту қалай жүйеленбек ?

Біріншіден, келесі оқу жылы 1 қыркүйекте басталып, 31 мамырда аяқталады. 2022-2023 оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптар үшін 35 оқу аптасын құраса, 2-11 сынып аралығындағылар 36 апта оқиды. Жаздың бірінші күнінен бастап оқушылар дәстүрлі демалыстарына шығады.

ҚР Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетовтың сөзінше, бұл бір жағынан оқушылардың оқу жүктемесін азайтуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, бірнеше кешенді проблеманы шешеді. Бүгінгі таңда 1,5 млн бала 5 күндік оқу форматына көшеді, демек осыншама бала үшін қосымша 36 демалыс күні пайда болады. Қабылданған шешімнің арқасында аталған 100 мектеп екі ауысымда оқуын жалғастырады. Қазіргі кезде елімізде 1,5 миллионнан астам бала түстен кейін оқиды. Енді оқу жүктемесінің азаюына байланысты кабинеттер босатылып, екінші ауысымда оқып жатқан 300 мыңнан астам бала бірінші ауысымға көшеді. Бұл да ата-аналар үшін өте маңызды. Жалпы 3,6 млн баланың оқу жүктемесі азаймақ.

Ата-аналар қуана қабылдаған жаңалықтың бірі – биыл қазақ тілінде білім алатын бірінші сынып оқушылары «Әліппе» мен «Ана тілін» ғана оқиды. Ал орыс тілін екінші сыныптан, ағылшын тілін үшінші сыныптан бастап меңгереді. 5-11 сыныпта оқитындарға «Жаһандық құзыреттер» курсы енгізіледі.

Жаңа оқу жылында оқушылар тасымалдауға 515 жаңа автобус алынады. Аз қамтылған отбасылар мектепке қажетті киім-кешек пен кеңсе тауарларын өздері сатып алу үшін 37 мың теңге көлемінде ақшалай қаражат алады. Мұндай көмек 470 мыңнан астам балаға көрсетіледі.

Мектеп формасына қойылатын талаптар өзгеріссіз қалады. Өткен жылдағыдай заңнамалық нормалар қолданылады, яғни, оқушылар бұрын сатып алған немесе дайындаған формамен мектепке еркін келе алады.

Жасөспірімдер қауіпсіздігіне қатаң бақылау қажет

Облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағановтың төрағалығымен облыс әкімдігі жанындағы көмекетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия отырысы өтті. Жиынның мақсаты – жасөспірімдерді отбасылық-тұрмыстық және жеке басына қатысты зорлық-зомбылықтан қорғау, олардың қауіпсіздігі мен құқықтарын қамтамасыз ету.

Сб Аружан ЕРАЛЫ, «Сыр бойы»

Комиссия отырысында күн тәртібіндегі бірқатар мәселелер талқыланды. Атап айтар болсақ, көмекетке толмағандарға қарсы жасалған қылмыстар, демалыс кезеңінде балалар арасындағы өрт және су қауіпсіздігінің алдын алу мәселелері қаралды. Сондай-ақ, көмекетке толмағандарға қатысты құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілікті реттейтін заңнаманы жетілдіру, балаларды қорғау тәсілдері, өмірлік дағдарыс жағдайына тап болған жасөспірімдерге психологиялық көмек көрсету шаралары туралы айтылды.

Осы орайда, облыстық полиция департаменті, жергілікті полиция қызметі басқармасы

басшысының орынбасары, полиция подполковнигі Б.Молдабеков қылмыстардың алдын алу профилактикалық іс-шаралардың іске асырылуы туралы баяндама жасады.

Одан соң балалардың жазғы демалыс кезеңінде өрт және су қауіпсіздігін бақылау бойынша облыстық төтенше жағдайлар департаменті мемлекеттік өрт бақылау басқармасының басшысы, полковник А.Оразбеков пен облыстық төтенше жағдайлар департаменті азаматтық қорғаныс басқармасының басшысы, полковник А.Тоғызбаевтың баяндамалары тыңдалды.

Сондай-ақ, ерекше тәртіп бойынша өрт-техникалық тек-



серулер жүргізу барысында анықталған кемшіліктерді жою және тиісті қаражат бөлу, көмекетке толмағандардың бос уақытын ұйымдастыру, кешкі және түнгі беймезгіл жүрістерден тыю, олардың тарапынан қылмыс пен құқық бұзушылықтардың алдын алу шараларының жүргізілуі мен психолог жұмысының сапасын арттыру бойынша қабылданған шаралар сөз болды.

Жалпы, аталған деректерге қарағанда көмекетке толмаған оқушылар арасында құқық бұзушылық қылмыс көбейген. Комиссия төрағасы тиісті мамандарға аталған қылмыстардың көбею себебін анықтап, алдын алу шараларын күшейтуді тапсырды. Сондай-ақ, мұндай жағдайда жасөспірімдердің ата-анасы немесе білім беру ұйымдарының басшылары жауапқа тартылу керектігін айтты.

Жиын соңында қаралған мәселелерге орай комиссия мүшелері өздерінің ұсыныс-пікірлерін ортаға салды. Комиссия төрағасы Нұрымбет Аманұлы көмекетке толмаған жасөспірімдердің қауіпсіздігі, жат әдет-қылқықтардан аулақ болуы, қажетті деңгейде білім мен тәрбие алуы, олардың құқықтарының қорғалуы жауапты мекемелердің ұдайы назарында болуын айтып, нақты тапсырмалар жүктеді.

БРИФИНГ

Жұмыстан бас тартқандарға көмек берілмейді

Екі жыл бұрын елімізде атаулы әлеуметтік көмек көрсетудің жаңа тәсілдері енгізілген еді. Бұл – ашықтық пен әділдікке негізделіп, бастысы адамдарды еңбекке ынталандыруға бағытталды. Мұндай көмекті алатын отбасының әрбір мүшесіне шаққандағы орташа табысы кедейлік шегінен төмен болуы керек. Биылғы 3-тоқсан бойынша облыстағы есептелген кедейлік шегі 27 339 теңгені құраған.

Сб Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Мейрамбек Әбдікерімбетовтің айтуынша, осы жылға бюджеттен 5,1 млрд теңге қаржы қаралған. Жыл басынан облыста 10656 отбасыға тағайындалып, оған 2,9 млрд теңге төленген. Оның ішінде 8542 отбасы көмектің шартты, 2114 отбасы шартсыз түрін алған. Бір адамға шаққандағы көмектің орташа айлық мөлшері 7372 теңге.

– Атаулы әлеуметтік көмек алушылар арасындағы 1784 еңбекке жарамды адам

жұмыспен қамтылса, оның ішінде 878-і тұрақты жұмысқа орналастырылып, 906 адам уақытша жұмыс орындарына тартылған. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда көмек алушылардың саны 906 отбасына азайды. Аз қамтылған отбасылардағы 1-ден 6 жасқа дейінгі балаларды көпідендірілген әлеуметтік топтамамен қамтамасыз етуге республикалық бюджеттен 1,2 млрд теңге қаржы бөлінді. Мұндай қолдау 13 188 балаға көрсетілді. Орта білім беру ұйымдарында оқитын 6539 балаға қоғамдық көлікте тегін жүруі үшін 74 млн теңгеге

әлеуметтік көмек төленді, – дейді М. Жаксылықұлы.

Атаулы әлеуметтік көмек тоқсан сайын тағайындалып, ай сайын төленеді. Басты шарттарының бірі – отбасының еңбекке қабілетті мүшелері жұмыс істеп, отбасы үшін жауапкершілікті сезінуі тиіс. Ол үшін бірінші кезекте аз қамтылған отбасындағы еңбекке жарамды жұмыссыз азаматтар тұрақты жұмыспен немесе жұмыспен қамтудың белсенді шараларына тартылады. Сонымен қатар, оларға бос жұмыс орындарына, мемлекет арқылы субсидияланатын жұмыстарға, қоғамдық жұмысқа орналасуға, жастар тәжірибесінен, қайта даярлаудан өтуге мүмкіндік беріледі. Өз бизнесін ашу үшін кәсіптік білімге баулып, жеңілдікпен микрокредит және қайтарымсыз гранттар алу ұсынылады.

Отбасының еңбекке қабілетті мүшесі ұсынылған жұмыстан және жұмыспен қамту шараларынан бас тартатын болса, АӘК беру тоқтатылады.

«Қылмысқа қарсы күрес және қаламызда тәртіп орнату – біздің ортақ мақсатымыз». Облыстық полиция департаментінің бастығы Мұхтар Қожабаев қаладағы Өсербаев, Қорқыт ата, Әйтеке би көшесінің тұрғындарымен кездесуе осылай делі. Кездесуге қала әкімі Асылбек Шәменов, қала прокуроры Ағыбай Жақанов, қалалық мәслихат депутаттары, мемлекеттік мекеме өкілдері және қоғам белсінділері қатысты.

Қоғамдық тәртіп нығаяды

Тұрғындар жалға берілетін пәтерлердің, жалға алушылардың санитарлық талаптарды сақтамауы, түнгі уақытта қоғамдық тыныштық ережелерін бұзуы жайлы өзекті мәселелерді көтерді.

Полиция департаментінің бастығы Өсербаев көшесіндегі өзекті мәселелер, учаскелік инспекторлардың жергілікті жерлердегі жұмысы туралы білді, қауіпсіздікті жақсарту және құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша ұсыныстарды тыңдады.

Ашықтық, тұрғындардың проблемаларына жедел ден қою – полиция қызметінің басты ұстанымы. Әйтсе де қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге бірлескен әрекет керек. Ойткені өткір мәселелерді полиция біржақты шеше алмайды.

«СБ» ақпарат

БАСПАСӨЗ ТУРЫ



Жыл санап аудандар дамып келеді. Ал әлеуметтің әлеуеті артуына мұндағы жасалып жатқан жұмыстардың маңызы зор. Өткен аптада өңірлік коммуникациялар қызметі батыс беткейдегі Қазалы және Арал ауданының тыныс-тіршілігін бағамдауға арналған баспасөз турыын ұйымдастырды. Қазалыда әуелгі көргеніміз – Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласы арасындағы жол жөндеу жұмыстары болды.

Сб Ақтілек БІТІМБАЙ, «Сыр бойы»

Ауданда атқарылып жатқан ауқымды істің бірі – бұл. Жалпы құны 2,4 млрд теңгені құраған 4 жолақты жол құрылысы жыл аяғына дейін ел игілігіне берілмек. Жоба аясында 7 шақырымды құрайтын автомобиль жолы 4 жолаққа кеңейіп, 2 темірбетон көпірі мен 2 су өткізгіш құбыры жаңғыртылатын болады. Сонымен қоса, мұнда аялдамалар және түнгі жарық шамдары орнатылмақ. Тіпті, күре жолда автобус аялдамасының алаңы да салынады. Айтапқышы, облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының тапсырысымен

салынатын жолды «Стандарт ОИЛ КЗО» серіктестігі салуда. – Жыл басынан бері аудан бойынша 7 аудандық маңызы бар автомобиль жолы және кентішілік 11 көше жөндеуден өтуде. Алдымызда аталған жұмыстарды жыл соңына дейін аяқтау межесі тұр. Сәтін салып, бәрі ойдағыдай болса, бұл жұмыстар аудандағы жолдардың жақсы және қанағаттанарлық деңгейін 85 процентке жеткізуге септігін тигізетін болады. Сонымен қоса, аудандық маңызы бар үш жолды және кент, ауылшілік 52 көшенің жол құрылысына облыстық, республикалық бюджеттен қар-

жыландыруға ұсыныс берілді. Жоба мақұлданса, кезек кезеңімен жүзеге асатын болады, – деді аудандық жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бөлімінің бас маманы Нұрман Берділиев.

Қазалының қарқыны жоғары

Осы тұста айта кетейік, кент пен қаланы жалғайтын автожолдың құрылысы 2020 жылы басталып, баға өзгерісіне байланысты жоба-сметалық құжаты қысқартуға енген болатын. Сондықтан арада біршама уақыт жұмыс тоқтап қалған. Бүгінде жұмыс қайта жандануда.

Ауданда табанымыз тиген келесі орын – Қазалы қаласы. Мұнда қазір газ жүргізіліп, тұрғындар игі бастаманың игілігін көріп отыр. Мақсат – ел қуанышын көзбен көру. Толығырақ айтып өтсек, қаладағы 1558 тұрғын үй «көгілдір отынмен» қамтылды. Елді елең еткізген жоба 2020 жылы басталып, биыл ерте көктемнен бастап тұрғындар игілігін көруде. Қалаға газ кіргізу үшін 60 шақырымға жуық газ құбыры жүргізіліп, 1 дана ПГБ мен 9 ГРПШ орнатылыпты. Бүгінде қаладағы 260 тұрғын үй газға қосылған.

Ендігі бастаманың игілігін көретіндер қатарында Жалантөс батыр, Қ.Пірімов пен Басықара елді мекендері де бар. Мысалы, Жалантөс батыр елді мекеніндегі сәуірде басталған орамшілік газ же-

лісінің құрылысы қазан айында аяқталса, ауылдың мың жарымнан аса тұрғыны газбен қамтылады. Ізінше Қ.Пірімов пен Басықара елді мекеніндегі отын кіргізіп, күл шығаратын бұрынғы күйбең тірлік тоқтайтын болады. Қазіргі таң-

қазіргі таңда мемлекеттік сараптамадан өтуде.

Қарқынына қарқын қосқан Қазалы ауданында бұдан өзге де ауқымды істер жетерлік. Соның бірі – «Қарлан» көпірі. Аудандық маңызы бар «Қазалы-Қожабақы-Бозкөл-Кәу-

кей» автомобиль жолының 16 шақырымындағы «Қарлан» учаскесінен Сырдария өзені арқылы көпір салынып жатыр. Бұл жобаны жүзеге асыру үшін жоба-сметалық құжаттарын әзірлеуге әжептәуір қаржы қарастырылып, жоба мақұлданған. Жалпы құны 4484,7 млн теңгені құраған бұл жоба аясында ұзындығы 248,29 метр көпір салынады. 17 айға созылатын құрылыс ІІІ санатты автожол саналады. Бүгінде мұндағы жұмыс қарқынды.

Нарық ырыққа көнбей тұрғаны рас. Алайда қазалылықтар оның шешімін табуға тырысып жатыр. Бүгінде Қазалыда барлығы 17 мың гектарға егін

егілген. Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасына сәйкес, ауданда қосымша 114 гектар жер дайындалып, оның 30 гектарына картоп, 70 гектарына көкөніс пен 14 гектарына бақша дақылдары егілген.

– Бақшамен айналысып отырғаныма 5 жылдан асты. Зейнетке шыққаннан бастап мемлекеттен жалға жер алып, егін егеміз. Қазір бақшада картоп, қызанақ, қызылша, асқабақ өсіп жатыр. Жердің салығы қымбат емес, суғаруға да жағдай жасалған. Осы бақшаның арқасында қыстай өзіміздің өнімді тұтынамыз. Судан да аса бір тапшылық жоқ, каналдан әр бақша иесі насоспен тартып алады. Ешқандай дәрісіз, тек шіріген көннің көмегімен осынша өнім алып отырмыз, – дейді аудан тұрғыны Сахи Тагаев.

Зейнеткер бақшалық қызметті өбден меңгерген. Жазда егінмен қатар, көң шірітіп, тұнайтықшынд да өзі дайындайды. Қалаға іргелес орналасқан шаруашылық аумағында бақшамен айналысатын тұрғын көп.

Ауданда ауыл шаруашылығымен айналысу былтыр қуаныштық кезінде қиынға соқты. Себебі бұл жерлерде соңғы 40 жылда бірде-бір құдық қазылмаған. Ал бұған дейінгі су көздері істен шыққан. Бұл кемшілікті жою үшін Қарашенгел, Шәкен мен Арықбалық ауылдарында 3 ұңғыма қазуға республикалық бюджеттен 61,8 млн теңгесі бөлінген. Қазіргі таңда Қарашенгелде «Прайд ЛТД» серіктестігі мердігер ретінде анықталып, ұңғыма қазуды бастады. Ал Арықбалық пен Шәкен ауылдық округтерінде «Энергия НУР» ЖШС мердігер ретінде анықталды. Ұңғыма қазу жұмыстары жақын күндері басталады деп күтілуде.





Б.БАЙМАХАНОВ – 60

Дәрігер дәреметінің дәрпі

Сырдың саңлақ перзенті, медицина ғылымдарының докторы, профессор, атақты хирург Болатбек Баймаханов жайында жазу мен үшін ауыр тақырып болса да, қолымдағы қаламым жеңіл жосылып жүрді. Ол кісі жайлы анық білетінім, Қазақстандағы хирургия дейтін күрделі саланың аса білгірі, бауыр трансплантациясына түрен салған алғашқы дәрігер. Оның дарынын, еңбегін, ерекшелігін осы бір сөйлеммен түйіндеуге болады. Сол бір сөйлемде Болатбектің бейнеті де, бейнесі де бар.

Сб Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»

Бір қызық айтсам, басқалар кайы қабылдайды, білмеймін. Негізі хирургия орта ғасырларда медицина саласына кірмеген. Оны сол заманда колёнершілер атқарыпты. Осындай дерекке кезіккенімде таңалдым. Демек, хирургия – өнер. Тарихта дәрігерлік білімі жоқ американдық Фердинанд Уолло Демара деген дараның ондаған ота жасап, науқастарды ажалдан алып қалғаны туралы қызық мәліметтер кездеседі.

Демек, хирургия – туабытты дарын ғана атқара алатын іс.

Сіз Болатбек Бимендіұлының өнер адамы екенін білесіз бе? Композитор Елена Әбдіхалықованың сөзіне жазылған оның «Дәрігерлер гимн» өлеңін әуен ырғағында тыңдағанда көзінде жас мөлтілдеп қалады.

«Жұртымыз әмән,
жүрсін деп аман,
Еңбегіміз арналады туған ел,
саған.

Адам үшін, далам үшін
әбігерміз, әбігерміз біз.
Арлы орманы, жан қорғаны
дәрігерміз, дәрігерміз біз!»

Кешегі жыланның уындай тез тараған жаһандық кеселден бір жұтым ауаға зар болған адамдар дәрігердің табаны басқан топырақты көзге сүртпеді ме?

Ақ желеңді абзал жандардың сол сәтте жас сертінде тұрғанын көрдік, сезімге ерідік.

Баяғыда адам жанына араша болам дегендер Аполлоның, Асклепийдің, Гигиес мен Панакеяның және түрлі тәңірлер мен тоніриялардың атын атап, оларды куәға тарта отырып серт берген.

Жайшылықта байкала бермейді екен, Гиппократ антына адал дәрігерлермен сіз сол бір теперішті кезде кезіктік.

«Өз өмірім мен өнеріме дақ түсірмей, мұнтаздай таза, ақаусыз

сақтап өткіземін. Қай үйге кірсем де ол үйдің табалдырығын арам пияғыл, зымыяндық ойдан аулақ, тек ауруға шапағат тигіземін деген ақ ниетіммен аттаймын...»

Бұл – дәрігер анты. Не деген ғажап адамдық, асыл болмыс!

Мен әңгімелескен адамдар Болатбектің ең алдымен адами қасиетін сөз етеді. Енді оны өзім де байқаймын.

2009 жылы болар, ер жетіп қалған баламды ертіп, облыстық денсаулық сақтау басқармасының бастығы, дәрігер Болатбек Баймахановтың кабинетіне кірдім. Бастық адам ғой, жұмыс тәртібін бұзғаныма қалай қарар екен деген күдігім де бар. Бірақ ол орнынан тұрып амандасып, танитын адамша хал-жағдай сұрай бастады. Мен баламның кішкентай кезінен гепатитпен ауырғанын айттым. Тамырына түтікшемен дәрі айдаудан көз ашпады, Алматыға дейін барды. Тіке отырсам бауырым ауырады деп орындықта шалқалап жататын. Ал, ащы жеме, майлы жеме, жүгірме, бүгілме дейтін тыйымдары тым көп. Соның бәрін түсіндірдім.

Дәрігер Болатбек баламның ауру тарихы жазылған қағаздарды ақтарып отырып, басын шайкалды. «Қаның суга айналдырып жіберіпті ғой», – деді. Шамасы әріптестеріне риза еместігін білдірді. «Бұл – жүз мыңның бірінде кездесетін кесел, тамырына дәрі құйдырмай-ақ қойсын. Тамақтан да шектеудің қажеті жоқ. Келе-келе өзі қалыпқа түседі», – деді.

Сол айтқаны келді, балам келе-келе кеселінен сауығып кетті.

Дәрігерлер нақ диагноз қою еміңіз елу проценті дейді. Аурудың себебін дәл табуға келгенде дәрігердің бәрі қабілетті емес сияқты. Дәрігерлік тұжырымның жаңылыс жасалғанынан белін емдеудің ор-



нына бүйректің дәрісін ішіп жүргендер де бар.

Дәрігерге қажетті қасиеттің бірегейі ауруға жылы сөйлеу, оның өмірге деген құштарлығын ояту болса керек. Бұл жөнінде Болатбек Баймахановтың атына айтылатын алғыстың шегі алыс. Талай адаммен тілдестік, олардың бәрі де дәрігер Болатбектің адами биіктігі мен ақыл-парасатын сөз қылады.

Тамағынан өтпей жатқан суды ажалдың бетіне шашып жіберген кайсар кураескер мен қаһарман дәрігер біріккенде жаналығын өзі жылыстап кетеді-міс. Сондықтан дәрігерлер науқасқа «Ауру – біреу, біз – екеуміз» дейді екен. Болатбек

дәл осындай дәрігер екенін дәлелдеген. Сөзім мен ойлау, тәрбие мен іс-әрекет жүйесін бір арнаға тоғыстыра білген майталман маман, ұлағатты ұстаз.

Болатбек Бимендіұлының хирургия саласына баулыған шәкірттері өте көп. Бүгінде олар елімізде және шетелдерде күрделі оталар жасап жүр. Хирургияның қыр-сырын менгерген мамандар қатарында облыстық көпбейінді ауруханасының бас дәрігері Нұридін Әминов, облыстық психикалық денсаулық орталығының директоры Әділбай Медетбаев және қалалық көпбейінді ауруханасының бас дәрігері Бауыржан Төлеген де бар.

Халықтың батасын алған азамат

Дәрігер-хирург, медицина ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық Ғылыми академиясының корреспондент-мүшесі Болатбек Бимендіұлы Баймахановтың есімі еліміздің дәрігерлері арасында кеңінен таныс. Өйткені оның кәсіби шеберлігі қазіргі отандық медицинада орынды, әділ бағаланып, әріптес-замандастары ортасынан өз орнын ойып алған «қолы жеңіл» оташылардың бірі ғана емес, бірегей десек, қателеспейміз.

Өрине, мұндай сый-абырой, құрмет жастайынан алдына биік мақсат қойып, кездескен қиындықтардан тайсалмай, табандылықпен жанын аямай, уақытпен санаспай жасаған еңбегінің нәтижесі екеніне күмән жоқ. Ол, сірә, бала кезінен еңбектің қадірін біліп өскендіктен болар. Осы жолдарды қағаз бетіне түсіре отырып, біз қолдан тұлға жасаудан аулақпыз. Бірақ, батырды батыр, ақынды ақын, жақынды жақын дегеніміз жөн. Болатбекпен біздер, қолына қандауыр ұстаған еліміздің ақ халатты абзал жандары, яки оташылар қауымы, мақтанамыз, мақтан тұтамыз.

Ол оған әбден лайық жан.

Б.Баймаханов Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Ақсу ауылында дүниеге келді. Орта мектепті үздік бітіріп, 1980 жылы жүрек қалауымен Алматы мемлекеттік медицина институтының емдеу факультетіне оқуға түсті. Әр сәтті ұтымды пайдаланып, уақытты бос жермеуге, терең білім алуға, медицинаның қыры мен сырын барынша терең менгеруді мақсат етті. Жоғары курста бала кезінен армандаған хирургия саласын тандап алып, оны игеруге барын салды. Оның еңбегі бос кеткен жоқ. Алтынның курста хирургтар тобына өтіп, білгір оташы-дәрігерлер, доценттер Сапар Оспанов пен Тұрар Көкеевтен көп дүние үйренді.

Табандылықпен талшынып жүріп, оқудың жетінші жылы интернатураға жолдама алды. Бір-жылдық оқу-тәжірибе қалыптастыруды Қызылордадағы облыстық медициналық орталықта өткізіп, өңірдегі белгілі хирургтардан (Ш.Абдуллаев, Т.Маханов, С.Құлсартов, А.Шүленбаев) тәлім-тәрбие алып, мамандығын игеріп, білімі мен шеберлігін жетілдірді. Сөйтіп, бірер жыл тәжірибе жинап, оташы ағаларының ақыл-көнесіне құлақ асып, оны мен солын танып, ғылымға бет бұрғанды жөн санады.

Клиникалық ординатураға «еліміздің хирургиясының қара шаңырағы» атанған Алматыдағы А.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығына қабылданып, білімін жетілдірді. Оның еңбекке деген жанып тұрған қабілетін, ізденімпаздығын, алғырлығын, іскерлігін байқаған Ш.Жураев, М.Сейсенбаев, Ж.Досқалиев сынды ұстаздарының кеңесімен аспирантураға қабылданды. Содан ғылымға алып барар дара жол бастауып кетті. Елімізге белгілі ғалым-хирург,

қазақстандық хирургтар мектебін қалыптастырған ұлтжанды азамат, Халық Қаһарманы, академик Мұхтар Әлиевтің жетекшілігімен кандидаттық, докторлық диссертацияларын сәтті қорғап шықты.

Өмірлік ұстазына айналған Мұқанның Болатбекке деген көңілі, ойы, көзқарасы, мейірімі ереше болды. Оның болашағынан үлкен үміт күтіп, қанатын қатайтып, жауапты қызметтерді батыл сеніп тапсырды. Оңтүстік Қазақстан және сәл кейін Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармаларының басшылығы қызметіне ұсынып, тәжірибе жинап, еңбекке ысылтты, жұмысқа шыңдады. Қандай қызметте болмасын, талапшыл Б.Баймаханов хирургияны «көкеңкеге» тастамай, жұмыстың ауырлығымен, уақытпен санаспай, шеберлігін әрі қарай жетілдіруден, ізденуден шаршамасы. Ерте, таңғы 6-да жергілікті ауруханаға барып, 2-3 сағат ота жасап, сағат 9-да жұмыс орнынан табылып жүрді. Мұндай жанкештілік, табандылық кез-келген дәрігердің, басынның бойынан табыла бермейтінін мойындауымыз керек.

Өмірдің өзі Болатбекке көп нәрсені үйретті. Тәжірибе жинақтай келе басқару ісіне барынша тәсілді, әбден ысылып, шебер ұйымдастырушы дәрежесіне қол жеткізді. Жүрген ортасында сыйлы болды, елі құрметтеді. Оның барлығы адал еңбектің, озық ойдың, адами жақсы қасиеттерінің арқасында деп ойлаймын.

2011 жылы астанадағы «Шұғыл медициналық жәрдем орталығын» басқарды. 2012 жылы әсем Алматыға қайта оралып, 1000 тесектік қалалық №7 клиникалық аурухананың бас дәрігері болып тағайындалды. Қызметтің ауырлығына, уақыттың тапшылығына қарамай, бұл жерде де хирургия саласын дамытуға көп күш салды. Алматыда алғашқылардың бірі болып трансплантологиямен (ағзаларды алмастырумен) айналысып, шетелдік белді клиникаларға арнайы дәрігер-трансплантологтар тобын жерберді. Шеберлігін жетілдіріп, сол жылы бауыр, бүйрек, ұйқы безін алмастыру оталарын күнделікті іске батыл енгізді. Сөйтіп, қиналып жүрген көптеген науқастардың өмірін ұзартуға себепкер болды, ел-жұрттың батасын алып, құрметіне бөленді. Атап өткіміз жөн, еліміздегі бірде-бір аурухана ұжымы осыншама ағза



алмастыру отасын жүргізуге қол жеткізген емес. Сол кездері бір ұшырасқанымызда Болатбек Бимендіұлының мына сөзі есімде:

– Экономикасы дамыған елдерде трансплантология саласы жақсы дамуда. ТМД елдері арасында Украина, Белоруссия ағза алмастыруда үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Қазақстанда жыл сайын органдарды ауыстыруға байланысты шамамен 300 операция жүргізіледі, мұндай операция жасалуға тиіс адамдар саны бүгінгі күнде 3,5 мыңға жетіпті. Жағдайды қиындатып отырған донорлар тапшылығы. Бізде негізінен науқастың жақын туыстары, әке-шешесі донор болып тұр. Бұл бағытта эзірше көп қиындықтар туындап отыр. Өкініштісі, біз халыққа бұл мәселені толығымен мәнді түсіндіріп, саналарына жеткізе алмай отырмыз. Халық арасында кереғар пікірлер аз емес. Соларды реттеп, көпшілікке трансплантологияның пайдасы, оның сауабы жайлы мәліметтерді жеткізе білгеніміз жөн, – деген еді.

Ой таразысынан өткізсек, елімізде трансплантология ісі әлі де мәзі емес. Тіпті, соңғы жылдары көрсеткіштер төмендеп кеткен сияқты. Оған себептер аз емес: қаржы тапшылығы, пандемия зардабы, донорлардың жоқтығы және т.б.

2016 жылы Б.Баймаханов Алматыдағы «А.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығы» АҚ Басқарма төрағасы қызметіне тағайындалды. Сонымен бірге оған ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің штаттан тыс бас хирургі міндетін қоса атқару тапсырылды. Ғылыми орталықтың

қыр-сырын бұрыннан білетін ол ұжымның ісіне жаңа леп берді. Көптеген жағымды өзгерістер енгізілді, елімізде хирургия саласын жетілдіруге, білікті мамандар дайындауға бар күш-қуатын бүгінге дейін жұмсап келеді. Оның түбегейлі қызметі мен ерен еңбегі жайлы көпшілік өркес жылы лебіз білдіріп отырады.

Сардар азаматтың адал еңбегі мемлекет тарапынан орынды бағаланып келеді. Ол «Құрмет», «Отан» ордендерімен, бірнеше мерекелік медальдармен, «Алғыс» хаттармен марапатталды. «Денсаулық сақтау ісінің үздігі», «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» төсбелгілері мен мақтау грамоталары тағы бар. Жағары санатты, қолы шебер хирург атағы берілген. Ол үшін бәрінен қымбаты – ел аузындағы «Алтын қолды оташы» деген құрмет. Мұнан асқан атақ, абырой жоқ.

Б.Баймахановтың жетекшілігімен 4 докторлық, оннан астам кандидаттық диссертациялар сәтті қорғалған. Ол отандық және әлемдік баспаларда 300-ден астам ғылыми-практикалық мақала жариялап, 45 патенттің авторлық иесі атанды. Халықаралық хирургтар конгресстеріне, конференцияларына қатысып, тартымды баяндама жасап, еліміздің хирургия саласындағы жетістіктерін дер кезінде үзбей көпшілікке жеткізіп отырады.

Профессор Болатбек Баймахановпен кейінгі бір кездескенімizde еліміздегі медициналық көмектің кәзіргі жағдайы, дәрігерлердің біліктілігі жайлы сөз болды. Содан

Бекет Мантаев, Бауыржан Қуанышбаев, Вероника Цой, Бауыржан Жұмандіков, Нұрболат Тұяқбаев секілді азаматтар да – даңқты дәрігердің тәрбиесін көрген, келешегінен мол үміт күттіретін ақ желеңді абзал жандар.

Оның тұлғалық сипаты өз алдына. Болатбектің есімі бүгінде елімізден әрі асып, алыс-жақын шетелдерге де танылды. Шетелдіктер оның медицинадағы жетістіктерін әлдеқашан мойындаған. Отандық медицинаға жаңашылдық енгізу жолында білімін де, күшін де аямайтын абзал жанның денсаулық сақтау саласының дамуына ерен үлес қосып келе жатқаны жай айта салуға келмейтін сөз. Ішкі ағзаларды трансплантациялау ісінде он сағаттап ота жасап, талайды ажал аузынан алып қалғаны ел арасында аңызға айналып кетті.

Қашан да туған жерінің ары мен намысын, дамуы мен өркендеуін естен шығармайды. Баспасөз беттерінде жарияланған мақалалары мен сұхбаттарын да оқыдым. Осының бәрінде адамдардың денсаулығы үшін қажетті нәрселерді тәптіштеп түсіндіріп, қайткенде алға қарай адымдай жүруді айтып отырады.

Соның бірі міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жайында. Көп адамның осы саясатты дұрыс түсінбегені, сенбегені рас. «Ақша-ны мемлекет бөлмей ме?» «Мен көп ауырмаймын, дәрігерге қаралмаймын, сонда менің ақшам қайда кетеді?» дейтіндер табылды.

«Денсаулық үшін мемлекет немесе медицина саласы емес, алдымен әр адам өзі жауап беруі тиіс. Сонда ғана ұлт денсаулығы жақсарары, – депті Болатбек Баймаханов, – Адам өзінің қай уақытта ауырып, қандай жағдаймен ауруханаға түсуі мүмкін екенін тап басып болжай алмайды. Өмір болған соң түрлі жағдайлар орын алуы мүмкін. Елімізде жүрек, бүйрек, бауыр алмастыруда қажет ететін қаншама пациент бар? Мысалы, бір ғана бүйрек алмастыруда қажет ететін пациент саны 2,5 мыңнан асады. Ал, бұл операциялардың орташа құны шамамен 1 миллион теңгеден жоғары. Өкінішке орай, ондай ақша екінің бірінен табыла бермейді. Міне, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына жинақталған қаражат осындайда керек...».

Менің өзім де әлгі әнтек үміт-тілер қатарында едім. Дәрігердің осы сөзінен соң басқа насихатты керек қылғаным жоқ.

Жалпы, кейде маған өз замандастарымыздың қоғамдағы орнын дұрыс анықтай алдық па деген ой түседі. Жаксы, «100 жаңа есім» жеңімпазы дейік. «Құрметті азамат» атағын бердік, соның бәрі Болатбек Баймаханов секілді дәріпті дәрігердің тұлғасын айшықтай ала ма?

Біз неге осындай дараларымызды мемлекеттің, ұлттың атын асыра түсуге пайдалана алмаймыз. Олар туралы шығарма жазуға, фильм түсіруге, оны шет елдерге таратып жіберуге не кедергі?

Өйгілі шипагер емші Өтейбойдақ Тілеуғабылұлы есімін кім білмейді? Оған бес ғасыр бұрын жазған еңбегі үшін қытайлар мемлекеттік сыйлық берген. Болатбек Баймахановты да сол дәрежеге шығаруымыз керек деп есептеймін.

Қазақта дәрігер болып, атын алтынымен жазып қалдырған тұлғалар жоқ емес. Алысқа бармай-ақ, XIX-XX ғасырдың тұлғаларын алсақ та-ақ Петербор императорлық университетін бітірген атақты дәрігер Барлықбек Сыртанұлы, Петербордағы әскери-дәрігерлік академияда білім алып, I Дүниежүзілік соғыс кезінде күрделі санитарлық жағдайда иммитацияланған лазареттерде медициналық қызмет көрсетіп, жауынгерлерге ота жасаған Санжар Асфендияров, императорлық әскери-медицина академиясын алтын медальмен бітірген Халел Досмұхамедов, Шығыс халықтары әйелдерінің арасында медицина факультетін бітірген алғашқы қазақ қызы Аққағаз Досханова секілді тарихи ел сүйген есімдер сапында Қазақстандағы адам ағзасын трансплантациялаудың тамаша шебері Болатбек Баймахановтың ойып алған орны тұр.

Сонау 900-ыншы жылдары өмір сүрген Ибн Синаның алғашқы отасынан соң қаншама адамның ағзасында қандауыр ойнап, қаншама жанның үміт шырағы жанды екен. Солардың бәрін бір-бір кітап қылып жазса, әлемнің әр пендесі тек жасылыппен көз іліп, ізгілікпен оянар еді.

Өйткені дәрігер еңбегінің дәрпі жақылда ырағы, риясыз ризалық...


тар пациенттермен, оның туыстарымен жөнді сөйлесе де білмейді. Олардың сөзінен, жүзінен жылылық, кішіпейілдік, зиялылық, білімділік білініп тұруы керек. Алдына жаны қиналып келген пациентпен орынды сөйлесіп, оның сұрақтарына дұрыс жауап беру де дәрігерге деген сенімді арта түсіреді, ризашылығына бөлейді. Иә, дәрігер – қазіргі зиялы қауымның алдыңғы толқынында болып, өзінің жоғары қабілетімен, мәдениетімен, ажарқын мінезімен ерекшеленіп тұруды талап ететін жауапты қызмет. Сондықтан жастар мамандық тандар алдында мың ойланып, жүз толғанып барып дәрігерлікке барғаны дұрыс. Өйтпесе, бар өмірін зая кетіріп, дәрігерлердің бөделін түсіреді, қоғамда теріс пікір-түсінік туғызады, – деп ой түйді Болатбек әріптесім.

Онысы рас, бүгінгі ел-жұрт бәзбір дәрігерлерге сенімсіздікпен қарайды. «Олардың басым көпшілігі пациенттерге жүрдім-бардым қарайды, жауапкершілік деген жоғалып барады. Тіпті, қолында табақтай дипломы болғанмен, білімі таяз, тәжірибесі жеткіліксіз, бір кабинеттен екінші кабинетке, бір зертханадан тағы екіншісіне, бір маманнан екінші-үшіншісіне жұмсап табанындағы тоздырып, уақытыңды бос алады, жүйкенді жұқартады, қалтаңды қағайды» деген пікірді жиі естуге болады. Бұл шырылдаған шындық екенін мойындауымыз керек.

Медицина саласына өз қабілетіне қарамай, біреудің айдауымен барған жандар жоқ емес. Дәрігердің бөделін түсіріп жүрген де солар. Оларға қарайсың да бетіңнен от шыға ұялып, көңілің жабырқайды. «Қайран да бос кеткен шіркін, уақыт-ай!», деп бармағыңды тістеп, күмілжисің.

...Міне, Ұлттық ғылыми хирургия орталығында әдеттегідей тағы бір жұмыс күні басталды. Лездеме өткізіліп, туындаған проблемалар талқыланып, кезекті жоспарлы оталар жасалу қарбаласы басталды. Халық денсаулығын қорғауға елеулі үлес қосып, шипасы мол іске бір кісідей, жұдырықтай жұмылған, ырысы мол айтулы ұжымның бұл күнделікті іс-әрекеті. Көптің алғысына бөленіп жүрген жеңіл қолды оташы, профессор Болатбек Баймаханов ақ желеңін жамылып, тағы бір күрделі ота жасау мақсатымен, ішкі дүниесін тастүйін жыпып алып, үлкен сенім-мен, аяқтарың нық басып ота бөліміне аяндап бара жатыр. Біз оған: «Әр жасаған отаның сәтті болсын, Бөке!» деген тілек білдірді.

Сағиыдық ОРДАБЕКОВ,
дәрігер-хирург, медицина ғылымдарының докторы, профессор



Жігері алмастан, жүрегі асылдан



1942 жылы соғысқа аттанып бара жатқан Адыран әкеміз құндақтағы сәбиі Жансарыны алдына алып, іскеп отырып, сені қайтып көрем бе, жоқ па деп көзіне жас алыпты деседі. Сонда іші сезген екен, қайран боздақ майданнан қайтпайды. 1994 жылы із-түссіз оралмағандар қатарында болған атамыздың қай уақытта, қай жерде қайтыс болғанын «Боздақтар» кітабынан білдік дейді бүгінгі ұрпақтары.

Жансары Адыранқызы 1950 жылы Киров колхозының орталығындағы жетіжылдық мектеп табалдырығын аттайды.

Ол кездің балаларында балалық шақ болған жоқ десе, құлаққа тосын естілетін сөз. Алайда, ақиқаты солай. Тұлымшағы желбіреген тынымсыз бала Жансары да таңның атысы, күннің батысы жұмысқа жегілді. Қой қайырды, сиыр сауды. Аяғының астына кесек қойып күбі пісті, белін байлап диірмен тартып, келі түйді. Ол заманда сабын жоқ, отынды арқалап тасып, сексеуілдің сілтисін қайнатып сабын алатын, шөп оратын, ки тазалайтын. Осының бәрін буыны қатпаған баланың істері жүргенін бүгінгілер көзге де елестете алмайды.

Сөйтіп жүріп, зерек, зерделі қыз сабағынан қалып көрген жоқ, үздік оқыды. Мектеп жанынан ұйымдастырылған оқу-тәжірбие бөлімшесінің жетекшісі болды. Бұл бөлімшеге мүше болған озат оқушылар да алажақдай жұмыс істеп, бақша дақылдарын егетін. Бұл мектеп бөлімшесі 1956 жылдың қорытындысында көрмелерге қатысып, мектептер арасынан республика бойынша бірінші орынды жеңіп алды. «Көргені жақсы көш бастайды» дегендей, ел ағасы болған Найзақара атасының тәрбиесін алған Жансары сонда алтыншы класстың оқушысы еді.

1960 жылы Қызылорда қаласындағы Ғани Мұратбаев атындағы орта мектепті «өте жақсымен» аяқтап, Гоголь атындағы педагогикалық институттың жаратылыстану факультетіне түседі. Институтты бітіріп, туған ауылындағы №143 қазақ орта мектебіне мұғалім болып орналасып, бастауыш кластарға орыс тілі пәнінен сабақ береді. Комсомол комитетінің хатшысы болады. 1967-1969 жылдары осы мектептің оқу ісі жөніндегі орынбасары, 1970-1974 жылдары аудандық оқу бөлімінде әдіскер, 1974-1977 жылдары Айдарлы совхозындағы №139 Амангелді атындағы қазақ орта мектебінің директоры болып қызмет етеді.

Жансары апай сол жылдарда аудандық оқу бөлімінің менгерушілері Сейтқасым Жүнісов, Дауылбай Наурызбаев және облыстық білім басқармасын жиырма жыл басқарған Уәли Төрәлиев сынды ағаларының қамқорлығын көріп, ақыл-кеңесін алып, тәжірибелі тәрбиеші ұстазға айналады.

Кейіннен кеңес, партия

қызметтеріне ауысып, жемісті еңбек етті.

1977-1983 жылдары Сырдария аудандық совет атқару комитетінің орынбасары, 1983-1988 жылдары Сырдария аудандық партия комитетінің хатшысы және бюро мүшесі болды.

Сол жылдары Алматы қаласындағы жоғары партия мектебінің тыңдаушысы болып, диплом алды. 1989-1991 жылдары Сырдария ауданы мәдениет бөлімінің меңгерушісі, 1992-1993 жылдары аудандық кеңес төрағасының орынбасары, 1994-1997 жылдары аудандық оқу бөлімі басшысының орынбасары қызметін атқарды.

Көп жыл аудандық партия комитетінің бюро мүшесі, пленум мүшесі, ауылдық аудандық кеңестің депутаты болып сайланған. Сондай-ақ, әр жылдары облыстық партия конференцияларына делегат болып, бірнеше рет республикалық қоғамдық ұйымдардың съездеріне қатысқан.

Осының бәрі нәзікжанды адамның иығына ауыр салмақ екені аян. Алайда, Жансары Адыранова қызмет еткен жылдары айналасына тек елшіл кеудесімен, ер азаматтан зият ерен бейнесімен танылды.

Әсіресе, ол руханиятшылығымен дараланған жан. Бұл болмасы өнер адамдарына деген құрметінен-ақ көрінеді. Осы жөнінде бесарықтық Жұмабай Байзақұлы газет бетінде де айтыпты:

«1989 жылы «СССР-дің 50 жылдығы» совхозы кәсіподақ комитетінің төрағасы едім. 1991 жылы ҚР Президентінің сайлауы өткізілді. Мен ауылдағы сайлау комиссиясының төрағасы едім. 1-желтоқсанға қараған күні кешке аудандық мәдениет бөлімінің басшысы Жансары апамыз ешкімге ескертпестен ауылға келіп тұр. Қасында әйгілі Нұрғали Нүсіпжанов, әнші Сұлуаш Нұрмағанбетова және «Жазира» ұлттық аспаптар ансамблінің мүшелері бар. Белгілі әнші Рамазан Стамғазиев осы ансамбльдің жетекшісі әрі домбырашысы. Талап бойынша сайлау үйінде сайлау өтетін күні үгіт-насихат, іс-шара өткізуге болмайды. Аудандағы мәдениет ошақтары сайлауға байланысты өнер қайраткерлерін қабылдай алмапты. Жансары апамыз: «Ал, бала, өгізді де өлтірме, арбаны да сындырма. Мына кісінің концертін өткізіп бер» деді. Ол кезде халық мұндай атакты

кісілердің концертін қалт жібермейтін. Үш жүз орындық залдық толып, концерт жақсы өтті. Құрметті қонақтар ауыл дәмін татып, келесі шығармашылық сапарға зор ризашылықпен аттанды», – дейді ол.

Осы естелікті оқығанда шынында Жансарының өнер адамдарына деген құрметінің шексіз екенін түсіндім. «Концерт өткізуге болмайды» деп бір-ақ кесуге де болатын. «Адам заң үшін тумады, заң адам үшін жазылады» дегендей, ол кісі екінің бірін қолынан келе бермейтін қалдамдарға бара алатын еді.

Өнер адамы демекші, қызмет етіп жүрген жылдары ауданға келген қонақтың барлығын басшылар Жансары мен Сайлау ағаның отбасынан дәм татқызалы екен.

Өйткені, бұл аудандағы ең үлгілі отбасылардың бірі болған. Аудандық, облыстық басылымдардан басқа республикалық «Мәдениет және тұрмыс», «Қазақстан әйелдері» секілді журналдар да бұл отбасы туралы үнемі үлгі етіп, мақала жазып тұрған.

Қырық жылдан аса өмірін мемлекеттік қаржы саласына арнаған ағамыз, Жансарының жары Сайлау Нұрсейітов өз естеліктерінде былай дейді.

«Біздің үйімізге – жазушылар, депутаттар, қоғам және мемлекет қайраткерлері, мәдениет қызметкерлері, әншілер, әртістер, тағы да басқа елге қызмет істеп жүретін адамдар жиі келетін.

Бір жылы белгілі жазушысының Мұхаммеджан Қаратаевтың 70 жылдық мерейтойын біздің ауданда өткізді. Мұхан Жансарымен бөлек болып келеді. Жансарының анасы Әлиманмен Мұханның анасы бір туған. Ол кісі ауданға келген соң Әлиман апаға сәлем беремін депті. Соны естіген аудан басшылары оларды біздің үйде қонақ қылып, күтуді қалады. Мұханның бірге Әбілді Тәжібаев, Сырбай Мәуленов, Лияс Есенберлин, жас жазушы Төлен Әбдіков және аудан басшылары келді. Үйімізден дәм татқан игі жақсылар ақ тілектерін айтып, ризашылығын білдіріп аттанды.

Солармен бірге Роза Бағланова, Асанәлі Әшімов, Бибігүл Төлегенова, Абай Байтоқаев өнер саңлақтары да отбасымызда болып, баталарын берген».

Бұл әңгімелерді еске түсіріп отыруымыз жайдан-жай емес. «Би бол, би болмасаң би түсетін үй бол» дегендей, Жансары жайған дастарханнан қазақтың қаншама жайсаң

тұлғалары дәм татыпты. Қазақшылықпен қоса жүретін қонақшылық қасиет әркімде бола бермейді. Мұның өзі текке барып тіреледі.

Адыран әкеміздің азан шақырып қойған аты Әбілқасым екен. Ол кісі 1910 жылы дүниеге келген. БК(б)П мүшесі болған. Ұйымдастыру кезінде бастауыш біліммен-ақ артель бастығы, колхоз бастығы қызметтерін атқарған.

Қызылқұмда малмен жүрген Алаша, Кете руларының біраз үйлерін көшіріп әкеліп, ұжымға мүшелікке тартып, отырықшыландыруға өз үлесін қосқан. Найман руынан, оның ішінде Ақтаз, Балықшы аталығынан тарайтын Адыран Найзақараұлы заманында ықпалды, көшбасшы кісі болыпты.

Ал, Жансарының нағашысы атасы үш мәрте қажылыққа барған Батырбай қажы ісі қазаққа шапағаты тиген Ахмет ишанмен аталас, мұраттас болған.

Жансары зейнет демалысында да қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Мәдени-көпшілік идеологиялық маңызы бар қоғамдық іс-шараларды ұйымдастырды. Осындай еңбектері үшін әр жылдары облыстық кеңестің грамотасымен, облыстың Құрмет грамотасымен, салалық және әкімдік марапаттарын иеленді.

«Менің бой жетіп, бел тіктеуім, елге танылуым – аңам Әлиманның, Төлепберген ағайымы мен Дәмеш жемгеннің, Еркесары апайымының қамқорлығының арқасы», – дейді Жансары апай аяулы да, қимас адамдарын еске алып.

Бүгінде Сайлау аға мен Жансарыдан жарық дүниеге келген перзенттер әр салада адал қызмет етіп жүр. Ұлдың үлкені Нұрлан – Жаңақорған аудандық мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы, Рахымжан – ҚР Парламенті Сенатында бөлім басшысы. Ал, Айгүлі – жеке кәсіпкер. Өнегелі отбасынан шыққан өрелі ұл-қыз екенін көрсетіп, абыройлы қызмет етіп, халықтың алғысын алып жүр.

Жансары апамыз – әзиз әже, әулеттің ақылшысы. Апамызда бір адамның Құдайдан сұрайтын бақыты бар. Бұл – жігерлі де кең жүректі жанның еңбекпен, ерлікпен жеткен өмір жетістігі.

Серік ДҮЙСЕНБАЕВ,
облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы

БАСПАСӨЗ ТУРЫ

Жуырда ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитеті Қызылорда облыстық департаментінің ұйымдастыруымен баспасөз туры өтті.

Сb Гүлбану МАҚАЖАН,
«Сыр бойы»

Газ құбырлары жаңартылған



Онда «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалының инвестициялық міндеттемелерінің орындалуы жайлы айтылды.

Қазіргі таңда «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалының теңгерімінде 2336 шақырымнан астам газ құбыры бар. 2022-2023 жылдарға арналған жылыту маусымына орай нысандардың қауіпсіз, ақаусыз және үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету үшін күрделі жөндеу жүргізілген.

Баспасөз туры барысында қала көлемінде екі газ құбырлары орналасқан бекетке бардық. Онда мамандар газ құбырларының жаңаланған тетіктерін көрсетті.

– Мердігер мекемелермен келісімге отырып, арнайы белгіленген уақыт ішінде жұмыстың сапалы әрі тез аяқталуы қатаң тапсырылады. Биылғы жасалып жатқан жұмыстар тамыз-қыркүйек

айларында аяқталады деп күтілуде. Жөндеу жұмыстары негізінде газ қысымының реттегішін ауыстыру, бекіту арматурасы мен қазандықтары қайта қалпына келтірілетін болады. Газ қысымы жоғары болғандықтан, оған үлкен деңгейдегі сапалы құрылғылар пайдаланылады. «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалының 2020-2025 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламасының жалпы сомасы 99492 мың теңге. Технологиялық жабдықтарды ауыстыру дер кезінде аяқталмақ. Бұл мақсаттағы жұмыстар авариялық жағдайлардың туындау тәуекелін төмендетіп, абоненттерді қауіпсіз және үздіксіз, апатсыз газбен жабдықтауды қамтамасыз етпек, – дейді облыстық департамент басшысының орынбасары Ғалым Тойлыбек.

Айыппұл салынады

Қала ішіне басқа облыстар мен елді мекендерден карантинге жатқызылған өнімдерді – жеміс-жидектер, көкөністер, гүлдер, тұқымдық материалдарды өткізу мақсатында тасымалдау жүргізіледі. Сонымен қатар шет мемлекеттерден ағаш (бөрене) өнімдері жеткізіледі.

ҚР «Өсімдіктер карантині» туралы Заңының 13-бабының 4-тармағында карантинге жатқызылған өнімдерді ел аумағынан тыс жерлерге тасымалдау кезінде фитосанитариялық және карантиндік сертификаттар болуы тиіс.

Аталған сертификаттар ҚР Ауылшаруашылығы министрлігі агроөнеркәсіптік кешеніндегі комитеттің қала және аудандық аумақтық инспекциялары мен мемлекеттік қызмет көрсету арқылы беріледі.

Бақылау, қадағалау кезінде карантинге жатқызылған өнімдерді өткізуші кәсіпкерлерде фитосанитариялық және карантиндік сертификаттар болмаған жағдайда ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 400 бабының негізінде хаттама толықтырылып, айыппұл салынатындығы ескертіледі.

Е.ӘБІШЕВА,
ҚР АШМ АӨК МИК-нің Қызылорда қалалық аумақтық инспекциясының бас маман-өсімдіктер карантині жөніндегі инспекторы

«Қызметті электронды түрде көрсету – жемқорлықты жоюдың негізгі шарттарының бірі»

Артық төленген салықты қайтарып алу немесе басқа салық түріне есепке алу бағытындағы мемлекеттік қызметтің түрі толықтай автоматты түрде жүргізіледі.

Қызметті электронды түрде көрсету, біріншіден, халыққа жылдам әрі сапалы қызмет ұсынылып, уақытты ұтымды пайдалануға мүмкіндік берсе, екіншіден, жемқорлыққа тәуекелділікті төмендетеді, себебі құжаттарды өңдеуге жауапты лауазымды тұлғалардың салық төлеушілерімен тікелей байланысы болмайды.

Салықтық өтінішті ұсыну электронды түрде www.egov.kz «электрондық Үкімет» веб-порталы немесе Мемлекеттік кірістер комитетінің «Салық төлеушінің кабинеті» веб-қосымшасы, сондай-ақ, «e-Salyq Azamat» мобильді қосымшасы арқылы жүзеге асырылады.

Артық төленген салықты қайтарып алу немесе басқа салық түріне есепке алу шаралары 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Ағымдағы жылдың 6 айында артық төленген салықты қайтару/есепке алу бағытында 6 090 салықтық өтініштердің барлығы электронды түрде ұсынылып, мемлекеттік қызметтің бұл түрі уақытылы көрсетілді.

Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті

Оқушылар қабылданады

Еркін Әуелбеков атындағы дарынды балаларға арналған №4 облыстық мектеп-интернатына халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын отбасы санатындағы 6-сынып бітіруші үміткерлерден 16-23 тамыз аралығында құжаттар қабылдау басталғанын хабарлаймыз.

Тел.: 8(7242)70-01-03.

Хабарландыру

«Байқоңыр» ӘКК» АҚ Қызылорда облысының аудан орталықтарында орналасқан сауда орындары бар кәсіпкерлік субъектілерін, 19 әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру үшін займ алуға шақырады. Займ бойынша ақпаратты www.spk-baikonur.kz сайтынан алуға болады.

ҚҰҚЫҚ ҚҰРЫҒЫ

154 келі балық тәркіленді

Браконьерлікті анықтау, оның жолын кесу мақсатында облыс көлемінде «Киік» жедел профилактикалық іс-шарасы өткізілуде.

Қызылорда ҚПБ Ақсай полиция бөлімінің қызметкерлері «Арал-Қызылорда» бағытында қатынайтын «Сетра» жолаушылар автобусын тоқтатты. Тексеру барысында жолаушыдан 154 келі заңсыз ауланған балық тәркіленді. Ол балықты Қызылорда қаласына апарып сатпақшы болған.

Тиісті сараптамалар тағайындалды. Жолаушы полиция бөліміне жеткізіліп, одан ІІО келу туралы міндеттеме алынды. Аталған дерек бойынша ҚР Қылмыстық кодексінің 335-бабының 1-бөлігімен сотқа дейінгі тергеп-тексеру әрекеттері жүргізілуде. Оқиғаның мән-жайы анықталуда.

Полицейден қашпа!

Рейд барысында түнгі уақытта патрульдік полиция әкімжаынан қашпақ болған жүргізуші ұсталды.

Патрульдік полиция орталық көшелердің бірінен жол ережесін бұзған «УАЗ» автокөлігін байқап, одан тоқтауды талап етеді. Алайда, жүргізуші қозғалысты жалғастыра береді. Ескертуге мән бермеген жүргізуші қала шетінде қолға түсті. Тексеру барысында көлік құралын басқару құқығынан айырылған 46 жастағы қызылордалыққа ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің екі бабы бойынша әкімшілік хаттама толтырылды.

Сексеуілді кеспе!

11 тамыз күні облыс орталығында «Вольво» маркалы жүк көлігі тоқтатылды.

«Киік» жедел профилактикалық іс-шарасы аясындағы тексеру барысында 40 жастағы азаматтың басқаруындағы автокөліктің жүк салғышынан көлемі 3 кубты құрайтын заңсыз кесілген сексеуіл анықталды. Аталған дерек бойынша ҚР Қылмыстық кодексінің 339-бабының 1-бөлігімен сотқа дейінгі тергеп-тексеру әрекеттері жүргізілуде.

Заңсыз қару сақтаудың 3 дерегі

Қызылордалық полицейлер рейдтік шаралар барысында заңсыз қару сақтаудың 3 фактісін анықтады.

Қазалы ауданы полиция бөлімінің қызметкерлері Сырдария өзені бойынан ІІО-да тіркелмеген, 16 калибрлі аңшы мылтығын алып жүрген жергілікті тұрғынды тоқтатқан. Осы тектес деректер Арал, Жалағаш аудандарында тіркелді.

Аталған деректер бойынша Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 482-бабының 1-бөлігімен әкімшілік хаттамалар рәсімделіп, шешім қабылдау үшін сотқа жолданады.

«СБ» ақпарат

«Сыр бойы»,
«Қызылординские
вести», «Ақмешіт
апталығы»,
«Ақмешіт
жастары» және
ауданның барлық
басылымдарына
хабарландыру
орналастырғыңыз
келсе:
70-00-52
телефоны арқылы
байланысуға
болады.
E-mail:
smjarnama@
mail.ru



Медбике мейірімі

Ақ халатты жандардың жұмысы үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Олардың адамдарға сүйіспеншілікпен қарауы да маңызды. Медбикелер – шеберлік пен білімді ұштастырған, наукас жанға жан-жақты күтім жасайтын, тиянақты ем-шарасымен бірге жылы сөзімен жағымды көңіл-күй сыйлап, аурудан тез айығуына ықпал ететін кішіпейіл де мейірімді жандар. Бүгінгі медбикелерді тек дәрігер айтқанының орындаушысы ғана деп түсінуге болмайды. Олардың міндеті ауқымды. Дәрігер алдына келген наукастың қабылдауға дейінгі барлық жұмысын тап-тұйнақтай етіп және одан кейінгі сан түрлі шаруаны атқаратын да осылар.

Сб Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

Ғалия Тоқмағанбетованың медицина саласында тер төккеніне 30 жылдан астам уақыт болыпты. Еңбек жолын Сырдария аудандық ауруханасында бастайды. 1992-2004 жылдары аудандық туберкулезге қарсы күрес диспансерінде жұмыс істеді. 2004-2005 жылдар аралығында Елордада теміржол ауруханасының терапия бөлімінде еңбек етті. Ал 2005 жылдың қазан айынан күні бүгінге дейін қалалық №4 емханада жоғары санатты мейірбике.

– Мейірбике болу үшін ең бірінші сабырлылық, адамға деген жанашырлық қасиеттер керек. Әсіресе балаларға жылы шырай танытып, оған деген ыстық ықыласынды шынайы жеткізе алуын қажет. Мен – балалар хирургия кабинетінің мейірбикесімін. Бізге 15 жасқа дейінгі балалар қаралады. Бірі отадан кейін жарақатын тандыруға келсе, енді бірін үлкен қалаларға отаға дайындап жібереміз. Балалар арасында әсіресе ойнап жүріп, қолын не аяғын сындырып келетіндер көп. Сондай-ақ, жарық (грыжа), киста сияқты белгілері бар жеткіншектер жиі жүгінеді, – дейді Ғалия Жақаншақызы.

Бұл отбасын дәрігерлер династиясы деуге болады. Үлкен қызы Гүлжайна медицина саласында еңбек етсе, кіші қызы Гүлдана мен күйеубаласы Абылайхан да дәрігер болуды қалапты. Қайын ененің топырағынан дегендей, келіні Айдана да мейірбике болып жұмыс істейді. Бір сөзбен айтқанда, облыстың денсаулық сақтау саласының дамуына отбасымен бірге үлес қосуда.

Ұлдың үлкені Мұқан әскери қызметте болса, кенжесі Нұрхан биыл 11 сыныпқа өткен. Осы балалардың барлығын жолдасы Абай Өтегеновпен бірге тен жүріп жетілдірді. Отағасы Ауған соғысының ардагері, көп жыл Тасбөгет автобазасында жүргізуші болып еңбек еткен.

Баланы алдай алмайсың. Сондықтан өзі ана, немере сүйіп отырған әже кішкентайлармен қалай тез сөйлесуді біледі. «Баламен бала болып сөйлескенде ғана тез ұғынысып кетуге болады. Олар шынайылық пен өтіріктің арасын бірден ажыратады» дейді мейірімді жан.

18 тамыз – ел тыныштығы үшін күндіз түні күзетте тұрған шекарашылардың кәсіби мерекесі. Ал, биыл Қазақ мемлекетіндегі шекара қызметінің құрылғанына – 30 жыл.

Қалқан

Алмағайып кезеңдерді бастан кешкен Қазақстанның Шекара әскерлері, Кеңес одағының қарулы күштерімен тікелей байланыста дамыды. 1924 жылы Қазақстанның Шығыс шекара округі құрылып, Қытай мен КСРО арасындағы шекара шебін қорғауға кіріседі.

Осы тұста Әлихан Бөкейхан бастаған бір топ зиялы азаматтар қазақ жерінің шекарасын деморкациялап, саяси географиялық картасын дайындаған. Алаш зиялылары оны Кремльде Ленинге дәлелдеп, оған осы жер аумағының картасын бекіткен декретке қол қойдырды. Осылайша, ресми түрде құжаттар рәсімделіп, мемлекеттік шекарамызды бізге аманаттап кеткен болатын.

Тәуелсіздіктен асқан киелі ештеңе жоқ. Еліміз тәуелсіз болған 1991 жылдың желтоқсанынан кейін іргелі мемлекеттің шекарасын күзету саясаты күн тәртібіне қойылды. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін 1992 жылдың 18 тамызында Республика Президенті Н.Назарбаевтың Жарлығымен Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі құрылды.

Ұлттық шекара әскерлерін құру кеңес-қытай және кеңес-ауған учаскелерінде мемлекеттік шекараны қорғаған КСРО Шекара әскерлері Шығыс шекара округінің негізінде жүзеге асырылды. Қазақстан Республикасының әскери және ұлттық қауіп-



сіздігін қамтамасыз етудегі шаралар жүйесінде Шекара қызметі мемлекеттік шекараны күзету мен қорғау бойынша міндеттерді орындайтын ведомство болып табылады.

Мемлекеттік шекараның беріктігі – елдіктің басты белгілерінің бірі. Сондықтан Қазақстан Республикасы – мемлекеттік шекарасын шегендеп, іргемізді мызғымастай етіп бекіту жолында кешенді жұмыстар жүргізіліп келеді.

Көршілес мемлекеттермен бейбіт аспан астында достық қатынаста ғана болу біздің елдің өмір сүру салтына айналса, басты күшіміз – бірлікте. Десе де, ұшқан құстың қанаты, шапқан тұлпар тұяғы талатын ұлан-ғайыр атырап шебін шекарашылар жіті қорып, кірпік қақпай күзетуде. Сондықтан да олар қандай болсын

құрметке лайықты.

Араға 30 жыл салып, мемлекетіміздің шекарасын бүгінгі күнде заман талаптарына сай инновациялық технологиялар, заманауи электронды жүйелерді қолдана отырып қырағы күзетуде. Жоғары басшылықтың қолдауымен ел шебі әртүрлі құрылғылар және қондырғылармен бекемделіп, олардың үнемі жетілдірілуіне байланысты жолай жаңаларына ауыстыру қолға алынған. Бұл – әрине, темірдей тәртіп пен Отанға деген сүйіспеншіліктің нәтижелі жемісі.

Темірлан СЕРІКҚАЛИЕВ,
шекара қызметі әскери патриоттық қызмет басқармасының офицері



Шекара шебінде шыңдалған...

Биыл ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетіне қарасты шекара қызметіне 30 жыл толып отыр. Кеңестік кезеңде Шекарашылар күні 29 мамыр болатын. 2012 жылдан бастап 18 тамызға ауысты.

Сб Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы»

Иә, тартылған теңізді өлкеден бастап Қызылды бойлай Жаңақорған жеріне жетіп жатқан шекара шебі Қызылорда облысына тиесілі. Ұзындығы – 745 шақырымнан астам. Құмды әрі шөлейтті өлке. Мұндай жерді кірпік қақпай күзету тек біздің қайсар шекарашыларға ғана тән. Отанына адал, ержүрек ерлердің еңбегін қалай мадақтасақ та жарасады. Ал біз әңгімелегіміз отырған кейіпкер 2019 жылдан бері шекарашылар сапында. Ефрейтор Бақытбек Үмбетқұлов ҚР ҰҚК ШҚ облыс бойынша департаментінің арнайы мобилдік ұшқырлар іс-ішміл тобында қызмет атқарады.

Бақытбектің өзгелерден ерекшелігі – спортқа бар ынтасымен берілуінде. Рас, біздегі қай шекарашы болмасын, оның спорттық дайындығы алдыңғы орында тұратыны белгілі.

Әскери өмірде «қоян-қолтық ұрыс» деген бар. Бұны нағыз ер жігіттер үшін аса шыдамдылық пен техникалық әдіс-тәсіл және күшті қажет ететін спорттың бір түрі десек болады. Өлемдегі ең танымал жекпе-жек спорт түрлерінің (бокс, каратэ, күрес, таэквондо, т.б.) барлық шабуылын, қорғанысын қамтитын нағыз амбебап жүйе. Кейінгі жылдары әскери қызметшілер арасында дәл осы спорт түрінің танымалдылығы артқан.

Бытыр сәуір айында Бақытбек осы спорт түрінен облыс атынан сынға түсті. Ерлер мен әйелдер арасында республикалық чемпионат Ақмола облысындағы Щучинск қаласында болған еді. Мұндайда әр өңірден келген шекарашы спортшылардың барлығында да жеңіске деген ұмтылыс бары анық.

Жарысқа тыңғылықты дайындықпен барған біздің кейіпкер бұл долада 90 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсетті. Барлық қарсыластарын ойсырата жеңіп, ақтық сайыста да өз айлсын асырған Бақытбек

шекара қызметінің туын желбіретіп, алтын медаль иеленді.

Бұл жеңіс шекарашы жігітке үлкен жүлде ғана емес, көрші елде өтетін үлкен жарысқа жолдама болып келді. Осылайша Бақытбек Өзбекстанның Ташкент қаласындағы Әлем чемпионатына Қазақстан атынан қатысып, ел намысын тағы абыроймен қорғап шыққан еді. Батыр тұлғалы жігіт бұл жолы да 90 келі салмақпен тамаша өнер көрсеткен. Иә, әлемнің 38 елінен келген, кіл «сен тұр, мен атайын» апайтос жігіттерді жығу оңай шаруа емес. Бақытбек дүниежүзілік долада үшінші орыннан көрінді.

Жалағаштық жігіттің спортқа әуестігі бала күннен басталған сияқты. Өз достарымен грек-рим күресі үйірмесіне жазылып, бала күнінен жүлделі орын алып жүреді. Осындай сәтте өз жаттықтырушысы Бақытбекті кәсіби түрде шыңдалу үшін арнайы мектепке баруды ұсынады. Ұстаз кеңесін құп алған оқушы Бақытбек жетінші сыныптан бастап облыс орталығындағы Жалаңтөс баһадүр атындағы спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернатта білім алады. Мұнда да өз қабілетімен көзге түсіп, арнайы жаттығуларға да бар ықыласымен қатысады. Ал мектептен соң Алматыдағы республикалық спорт колледжін тәмамдап, грек-рим күресінен жаттықтырушы-оқытушы мамандығын алған.

Спортпен қатар әскери болуды қалаған жігіттің арманы да орындалды. Қаладағы «Болашақ» университетінде «құқықтану» мамандығын оқып, тіпті жоғары оқу орны қабырғасында да жарыстарға қатысып жүрді.

Осы уақыттары ол өзінің спорттық жолына басқа бетбұрыс жасап, аралас жекпе-жек өнеріне



ауысады. Күресе жүріп, ұру, тебу тактикаларын машықтанған. Бокс, таэквондо сынды ұрыс дағдыларын меңгерді. Алғашында әуесқой жарыстарда өнер көрсеткен Бақытбек кейіннен қоян-қолтық ұрыс бойынша чемпионаттардың бірнеше дүркін жеңімпазы атаныпты.

– Менің қызығушылығым – тек грек-рим күресі ғана емес, жалпы жекпе-жектің кез келген түрі десек те болады. Спорттың қайсысы болмасын, ол тән мен жанды, рухты шынықтырады. Сонымен қатар, ерік-жігер мен мінезді шыңдауға көмектеседі. Сондықтан мен өз шеберлігімді шыңдауды еш ұмытпаймын. Үнемі жаттығу алаңында болған ұнайды. Жалпы, спорт деген дүние маған әскери өмірде көп көмектесті. Мысалы, әрбір десантты жауды тек сеніп тапсырылған қарумен ғана емес, қарусыз ұрыста да жеңе білуі керек. Өйткені, шекара шебінде кез келген күтпеген жағдайға тап болуыңыз мүмкін. Тағы бір қуанатыным, мұнда спортпен шұғылдануға мүмкіндік көп. Әрдайым қолдау білдіріп, республикалық, әлемдік жарыстарға қатысуыма өз септігін тигізіп жүрген облыстағы департамент басшылығына да алғысым шексіз. Ендігі мақсат – әлем чемпионы болу, – дейді Бақытбек.

Шекарашы Бақытбек бүгінде «грек-рим» күресінен спорт шеберіне үміткер. Сондай-ақ аралас жекпе-жек және қоян-қолтық ұрыс түрлерінен спорт шебері. Жары Мәдина екеуі екі ұл, екі қыз тәрбиелеп отыр.



АУЫР АТЛЕТИКА

АЙЗАДА – ЖЕҢІМПАЗ

Түркияда өтіп жатқан V Ислам ойындарында ауыр атлетикадан +87 келіде сынға түскен Сыр спортшысы Айзада Мүнгілді жеңімпаз атанды.

Айзада серпе көтеруде 116 келі, жұлқа көтеруде 150 келіні бағындырып, Ислам ойындарының рекордын орнатты. Спортшымыз жалпы жарыс қорытындысы бойынша 266 келі зіл темірді көтеріп, 1-орын иеленді.



ФУТБОЛ

«ҚАЙСАРДЫҢ» КУБОКТАҒЫ ҚАРСЫЛАСЫ АНЫҚТАЛДЫ

Футболдан Қазақстан кубогы ширек және жартылай финал ойындарының жеребесі тартылды.

Ширек финалда Қызылорданың «Қайсары» Шымкенттің «Ордабасы» клубымен кездеседі. Өзге жұптарда «Тараз» бен «Шахтер» (Қарағанды), «Қайрат» (Алматы) пен «Ақжайық» (Орал), «Астана» (Нұр-Сұлтан) мен «Мақтарал» (Түркістан облысы) өзара шеберлік байқасады.

Ал Қазақстан кубогының жартылай финалына шыққан жағдайда қызылордалық клуб «Астана» мен «Мақтарал» жұбының жеңімпазымен кездеседі. «Қайрат» пен «Ақжайық» арасындағы жеңімпаз жартылай финалда «Тараз» бен «Шахтер» ойынының жеңімпазымен жасыл алаңға шығады.

Айта кетсек, Қазақстан кубогының топтық кезеңі 8 шілдеде жалауын көтерді. Ол 15 тамызда мәресіне жетті.

ВОЛЕЙБОЛ

ТОСПАДОП ТАРТЫСЫ

ҚР Спорт күніне орай «Мүз айдыны» спорт кешенінде волейболдан жарыс ұйымдастырылуда.

Оған облыстық мәдениет және спорт басқармасы, оған қарасты мекемелер және қалалық спорт бөлімі қызметкерлері қатысуда.

Ойын тәртібі бойынша төрт топ құрылды. Әр топтан жеңімпаз бір команда анықталмақ. Олар ақтық бәсекеде сынға түседі.

ФУТЗАЛ

ҚОЛДАУ ЖӘНЕ НАСИХАТТАУ

Сырдария ауданында «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы аясында денешынықтыру пәнінің мұғалімдері арасында фۇтзал жарысы өтті.

Іс-шараның мақсаты белгілі, жаңа оқу жылына дайындық уақытында аз қамтамасыз етілген және көпбалалы, тұрмысы төмен отбасылардан шыққан оқушыларға қолдау және көмек көрсету. Сондай-ақ, бұл салауатты өмір салтын қалыптастыруды насихаттау көрінісі.